



## ҚАЗАҚСТАН ҰҚШҰ ПА-ҒА ТҰРАҚТЫ МӘРТЕБЕ БЕРУДІ ҚОЛДАЙДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысына қатысушы палата спикерлерімен кездесу өткізді.**

Мемлекет басшысы заң шығару органдарының спикерлеріне ілтипат білдіре отырып, Ресейдің ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясына тұрақты мәртебе беру туралы ұсынысын қолдайтынын айтты. Ол басқа елдердің делегацияларын осы бастаманы қолдайтынын айтты. Ол басқа елдердің делегацияларын осы бастаманы қолдайтынын айтты. Ол басқа елдердің делегацияларын осы бастаманы қолдайтынын айтты.

«Бүгінгі кездесу халықаралық ахуал тым шиеленіскен жағдайда өтіп отыр. Геосаяси текетірес өршіген кезде өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіпкердің ауқымы да айтарлықтай өзгерді. Әлемдегі қактығыс қауіпті деңгейге жетті. Әсіресе, Таяу Шығыстағы ахуал қатты аландатады. Газа секторында күн сайын жүздеген адам қаза



тауып, жарақат алып жатыр. Олардың арасында қарапайым азаматтар, әйелдер мен балалар бар. Миллионнан

астам бейбіт тұрғын қиын жағдайға тап болды. Барлық негізгі халықаралық ұйымдар Палестинадағы гуманитар-

лық ахуалды мүшкіл деп атады. Шын мәнінде, апатты жағдай шегіне жетуге таяп қалды», — деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл мәселеде Қазақстан өз ұстанымынан ешқашан айнымайтынын тағы да растады. Оның айтуынша, ұзақ жылға созылған қактығыстың жалғыз шешімі — «қос халық үшін екі мемлекет» формуласы негізінде астанасын Шығыс Иерусалим деп белгілеп, Палестина мемлекетін құру. Президент палестиналықтардың Ұйымға мүше болу құқығын мойындау туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының биыл 10 мамырда қабылдаған қарарын құптады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев жыныда Ауғанстандағы жағдайға айрықша тоқталды. Оның пікірінше, қазіргі кезеңдегі стратегиялық міндеттердің бірі — Ауғанстанды өңіраралық байланыстарға белсенді тарту.

«Қазақстан тәлібтер режимін террорлық ұйымдар тізімінен алып тастады. Өйткені қазіргі Ауғанстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту маңызды әрі бүгінгі режим ұзақмерзімді фактор болады деп ойлаймыз», — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

## ПРЕЗИДЕНТ ВЯЧЕСЛАВ ВОЛОДИНДИ ҚАБЫЛДАДЫ

**Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысу үшін келген Ресей Мемлекеттік думасының Төрағасы Вячеслав Володинді қабылдады.**



Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы көпжақты стратегиялық серіктестік

пен одақтастықты нығайту перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Вя-

чеслав Володин сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері және Еуразиялық интеграцияның келешегі жөнінде пікір алмасты.

Президент мемлекеттер арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту ісінде заң шығару органдары маңызды рөл атқаратынын айрықша атап өтті.

Қасым-Жомарт көпжақты ынтымақтастық аясында парламентаралық байланыстарды одан әрі дамытуға және бауырлас Қазақстан мен Ресей халықтарының мүддесі мен игілігі үшін есікжақты серіктестікті барынша кеңейтуге шақырды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАДА ПОЗИЦИЯМЫЗ АЙҚЫН

**Мемлекет басшысы ДСҰ Бас директоры Нгози Оконджо-Ивеаламен кездесті.**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нгози Оконджо-Ивеалаға ілтипат білдіре отырып, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымымен ынтымақтастықты кеңейтуге айрықша мән беретінін атап өтті.

— Сіздің басшылығыңызбен көпжақты халықаралық сауда жүйесі қазіргі кедергілерді жоюға және тең жағдай жасауға бағытталған үлкен трансформациядан өтетініне сенімдіміз. Сіздің Алматыға сапарыңыздың маңызы зор. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, тығыз ынтымақтастығымыз үшін өзіңізге ризашылығымызды білдіргім келеді. Ұйымға мүше елдер министрлерінің 12-ші конференциясына төрағалық ету — Қазақстан үшін үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. Аталған жиын барысында ДСҰ мүшелері ұйымды реформалау туралы маңызды шешімдер қабылдай алды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, күшейіп келе жатқан жаһандық протекционизм мен сауда шектеулеріне қарамастан, Қазақстан экономикасы ашық ел ретінде өз позициясын нығайта түсуге ұмтылады. Қазіргі кезде біз



әлемнің 180 елімен сауда-саттық жасаймыз. Соңғы үш жылда еліміздің сыртқы саудасының көлемі 53 пайызға ұлғайып, 160 миллиард долларға жетті.

Президент жуырда Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді. Бұл құжат әділ бәсекені күшейтуге, кәсіпкерлік еркіндікті сақтауға және мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтуға бағытталған.

Өз кезегінде Нгози Оконджо-Ивеала ДСҰ-ға мүше елдер ми-

нистрлерінің 12-ші конференциясының төрағасы ретінде халықаралық сауда саласындағы маңызды шешімдерді қабылдауға Қазақстанның қосқан үлесін жоғары бағалады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Нгози Оконджо-Ивеаланың көпжақты сауда жүйесін және Дүниежүзілік сауда ұйымының рөлін нығайту ісіне қосқан үлесін Қазақстан тарапы жоғары бағалайтынын атап өтіп, оны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

## ОРТА ДЕРЖАВАЛАР КОНЦЕПЦИЯСЫ — ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӨПВЕКТОРЛЫҚ МОДЕЛЬДІҢ ЖАЛҒАСЫ

**Президенттің жуырда жарық көрген орта державалар мен олардың мультилатерализмді сақтау қабілеті жөніндегі мақаласы — қай тұрғыдан қарастырсақта тамаша еңбек. Ол 2023 жылы Астана халықаралық форумы аясында басталған дискуссияның жалғасы болды.**



Middle power теориясы — геосаяси дискустағы жана құбылыс. Байқалып жүргендей, ол «жұмсақ күштер» және оны қауіпсіздік мәселесінде пайдалану туралы дискустағы дамытудың үлкен процесінің бөлшегі болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік ғылыми ой жаһанда стратегиялық тежеу мен тең-

герімді қалай сақтау жөніндегі анализден бастап, қарым-қатынасты үйлесімді етуге дейінгі эволюцияның ұзақ кезеңін бастан кешірді. Милитаризмнен ядролық тежеу тәсілдері мөнін түсінудің жұмсақ құралдарға қатысты жана жолдарына өту жүзеге асты.

» 4

### ҚИЫН БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?



### ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ОТАНЫМДА ПАЙДАЛАНАМЫН



**Расул РЫСМАМБЕТОВ,**  
ЭКОНОМИСТ:

## ЕЛІМІЗДЕ ИНВЕСТИЦИЯҒА СҰРАНЫП ТҰРҒАН САЛАЛАР БАР

**Мемлекет басшысы Сингапурға ресми сапары барысында: «Жақында мен ұлттық экономиканы айтарлықтай ырықтандыруға негіз қалайтын маңызды Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан аймақтағы инвестиция тартатын негізгі орталық болып қалу үшін жаңа инвестициялық циклді іске қостық», — деп мәлімдеген болатын. Қазір Азия барысына айналған сингапурлық бизнес-ортамен жүздесу барысында Президент еліміздің стратегиялық мақсаттарын айқындап берді. Отандық сарапшылар бұл мәлімдемені барынша сарапқа салды. Экономиканы дамытудың бастапқы драйвері инвестиция болғанымен, дұрыс құрылған жүйе салаға серпін беретінін жасырмады. Экономист Расул Рысмамбетов елімізде күрделі өнеркәсіп ісін дамыту ғана межелі көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік береді деген пікірде. Сарапшымен осы тақырып төңірегінде сұхбат құрдық.**

— Расул мырза, Президент Сингапурдағы бизнес өкілдерімен кездесуі барысында елімізге алдағы бес жылда 150 миллиард АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция тартатынын айтты. Мұндай көрсеткішке қол жеткізудің тиімді тегі қандай?

— Меніңше, біз тек шетелдік инвестиция деп шектелмеуіміз керек еді, себебі бүгінде ішкі нарықтан да мықты отандық инвесторларды табуға болады. Қалай болғанда да біз қазіргі қарқынмен жұмыс істесек те, 150 млрд АҚШ долларына жуық тікелей шетелдік инвестиция тарта аламыз деп есептеймін. Премьер-Министр осыған дейін күрделі өңдеуден өтетін өнімдерге салықтық мөлшерлемені төмендету қажет деп мәлімдеген еді.

Себебі өндіріске неғұрлым көп инвестиция салынып, өнім күрделі бола түскен сайын экономиканың күрделілігі параметріне қолайлы әсер етпек. Бізде бұл көрсеткіш соңғы 30 жылда 1,5-2 есе төмендеді. Сондықтан егер біз қазір мұнай химиясын дамытып, металдан лайын бұйымдар өндіретін болсақ қана жоғары айттып өткен 150 миллиард АҚШ долларына тең тікелей шетелдік инвестиция қажет болады. Сонымен қатар жер қойнауын пайдалану және ауыл шаруашылығы да айтарлықтай қаражат тарта алатын салалар қатарына жатады.

(Жалғасы 5-бетте)



# ҚАЗАҚСТАН ҰҚШҰ ПА-ға ТҰРАҚТЫ МӘРТЕБЕ БЕРУДІ ҚОЛДАЙДЫ

Басы (1-бетте)

Президент бұл мәселеде ҰҚШҰ-ға мүше елдердің өзара келісілген ұстанымы болуы керек екенін назар аударып, Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталық құру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның сын-қатерлеріне қарсы әрекет ету жүйесін жетілдіру қажет екенін ескере отырып, ҰҚШҰ күш-жігерін ұйым жарғысына сәйкес мүше-мемлекеттер үшін барынша өзекті әрі тиісті жұмыс бағыттарына жұмылдыруды ұсынды. Қазақстан аталған міндеттерді Ұйымға төрағалық ету кезеңінде басым бағыт ретінде белгіледі. Атап айтқанда, Президент террорлық қауіп-қатермен күресу және ҰҚШҰ-ға мүше елдер азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қабылдау қажет деп санайды.

ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдарының дайындық деңгейі әрдайым жоғары болуға тиіс. Мемлекет басшысы мұны тағы бір маңызды басымдық деп атады.

«Ұйым төрағасы ретінде ҰҚШҰ-ның басқару органдарының, сондай-ақ күштері мен құралдары құрылымдарының желел және әскери дайындығын күшейту үшін бірлескен іс-шараларды уақтылы жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Биыл күзде Қазақстан аумағында «Мызғымас бауырластық-2024» және «Жартас-2024» оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қарқынды түрде әзірленіп жатырмыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі ынтымақтастықты Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы кезінде басымдық берілетін бағыт ретінде атап өтті.

«Өңіріміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан жағдай табиғат апатының қауіп қаншалықты зор екенін көрсетті. Қазақстанға оның



салдары оңай тимеді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, еліміздегі су тасқыны кезінде тілеуестік білдіріп, көмек көрсеткені үшін мемлекеттеріңізге ризашылығымды білдіремін. Біз бұл қолдауды жоғары бағалаймыз», — деді ол.

Қазақстан ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін халықаралық ұйымдармен және құрылымдармен ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

«БҰҰ, ТМД және ШЫҰ-ның салалық құрылымдарымен ынтымақтастықты кеңейту аса маңызды деп санаймыз. Биыл қантарайында ҰҚШҰ Хатшылығы мен ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Біз мұны құптаймыз», — деді Президент.

Одан кейін Мемлекет басшысы спикерлерге Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар қоғамның барлық саласын, соның ішінде саясат, экономика және идеология бағыттарын жүйелі түрде жаңғыртуды көздейтінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев экономика саласына тоқтала келіп, елі-

міздің ЖІӨ көлемі 265 миллиард долларға жеткенін мәлімдеді.

«2023 жылы шетелден 23 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартылды. Еліміздің халықаралық резервтері 100 миллиард долларға жуықтады. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша биыл Қазақстанның жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі 13 пайызға өсіп, шамамен 15 миллиард долларды құрауға тиіс. Жақында мен кәсіпкерлік еркіндік пен бәсекелестіктің дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикадағы үлесін қысқарту және бизнес шығындарын азайту арқылы экономиканы ырықтандыруға негіз қалайтын Жарлыққа қол қойдым. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау арқасында бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісі айтарлықтай күшейді», — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ елдерімен арадағы сауда-саттықтың қарқынды өсіп келе жатқанына көңілі толатынын жеткізді.

«Былтыр Қазақстан мен Ресейдің сауда көлемі 26 миллиард долларға жетті. Ал Кыргызстанмен арадағы сауда айналымы 1 миллиард 571 миллион долларды, Тәжікстанмен 1 миллиард 130 миллион долларды, Беларусьпен 912 миллион долларды құрады», — деді ол.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысы Ұйымға мүше әр елдің мүддесін ескере отырып, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын ілгерілетуге және өзара үйлестіруге елеулі үлес қосатынын атап өтті. Сондай-ақ Кеңес қабылдайтын құжаттар ҰҚШҰ-ны одан әрі дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Сонымен қатар кездесу барысында ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Төрағасы — Ресей Мемлекеттік думасының Төрағасы Вячеслав Володин, Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысы өкілдері Палатасының Төрағасы Игорь Сергеев, Тәжікстан Республикасының Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомали сөз сөйледі.

## АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ БАЯНДАЛДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады.**

Мемлекет басшысына Алматының билығы қаңтар-сәуір айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы жөнінде есеп берілді.

Президентке осы кезеңде Алматы экономикасының негізгі салаларындағы өсім қарқыны жоғары болғаны туралы баяндалды. Атап айтқанда, көлік қызметінің көлемі — 17,5 пайызға, құрылыс — 5,7 пайызға және байланыс бағыты 4,4 пайызға өскен. Мегаполис экономикасына 360 миллиард теңге жеке инвестиция тартылған. Өсім 5,8 пайызды құрады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев биыл сәуір айында Алматыдағы жылдық инфляция 9,1 пайызға дейін бәсеңдегенін жайында мәлімет берілді. Жыл басынан бері 19,5 мың жұмыс орны ашылған. Бұл жұмыссыздық деңгейін 4,7 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Ерболат Досаев шаһардағы кейбір аудандарды сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Биыл ақпан айында қаланың жоғарғы бөлігін сумен қамту жөніндегі резерв схемасын жасау жұмыстары басталды. Құрылысты осы жылдың 1 шілдесіне дейін аяқтау жоспарланып отыр. Ал «Балқаш» таза су резервуары пайдалануға беріліп, «Юбилейный», «Камское плато» және басқа да аудандарға су жеткізіле бастады. Бұдан бөлек, Президентке Алматының көлік құрылымын қалыптастыру аясында қолға алынған жобалар топтамасының жүзеге асырылу барысы баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы экономикасын әртарапандыру үшін инвестиция тарту, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және инфляция мөлшерін одан әрі төмендету жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ қаланы сумен қамту мәселесін айрықша бақылауда ұстау қажет екенін айтты.



## МЫСЫРМЕН ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

**Қазақстан Парламенті Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев Мысыр Сенатының Төрағасы Әбделуахаб Әбделразек Хасан бастаған аталған елдің Парламент делегациясымен кездесті. Онда тараптар екіжақты ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады және екі ел Парламенттерінің палаталары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.**

Мәулен Әшімбаев меймандарға ілтипат білдіріп, екі мемлекет арасында дипломатиялық байланыстар орнағалы бері 30 жыл өткенін, осы уақыт ішінде өзара қарым-қатынас сапалы жоғары деңгейге көтерілгенін атап өтті. Сондай-ақ ол қазір әртүрлі салада, оның ішінде Парламенттер арасында да ынтымақтастық нәтижелі дамып келе жатқанына назар аударды.

«Біз Мысырмен арада қалыптасқан парламентаралық ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Екі елдің Парламентінде өзара байланыстың маңызды тетігі саналатын достық топтары табысты жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін осындай топтардың әлеуетін кеңінен пайдаланғанмыз абзал. Бұл ретте достық топтарына мүше депутаттардың өзара сапарларын ұйымдастырудың және тұрақты комитеттер арасында байланыс орнатудың маңызы зор. Сіздің бұл сапарыңыз елдеріміз арасындағы парламентаралық диалогті дамытуға айтарлықтай үлес қосатыны анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат барысында Сенат Төрағасы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларға да тоқталып өтті. Сондай-ақ тараптар бірлескен жобаларды іске асыру мәселесін талқылады.

Өз кезегінде Әбделуахаб Әбделразек Хасан нәтижелі кездесу үшін Қазақстан Сенатының Төрағасына алғысын білдірді және парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Сонымен қатар кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің жұмысы, сондай-ақ биыл қазан айында өтетін съезд Хатшылығының отырысына дайындық барысы сөз болды.

«Қазақстан сындарлы дінаралық және өркениетаралық диалогті қалыптастырып, нығайтуға баса мән береді. Соған сәйкес, 2003 жылы біздің мемлекет Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Осы уақыт ішінде бұл бастама бейбітшілікті және дінаралық диалогті дамытуды көздейтін, жалпыға бірдей танылған маңызды халықаралық платформаға айналды. 2022 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі жоғары деңгейде өтті. Оған көптеген беделді дін көшбасшылары, оның ішінде Әл-Азһардың Жоғарғы имамы Шейх Ахмед ат-Тайеб қатысты. Мысыр өкілдерінің съезд аясындағы іс-шараларға тұрақты қатысып, оның жұмысына елеулі үлес қосып келе жатқаны үшін алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта бұл бағыттағы бірлескен жұмысымызды әрі қарай нәтижелі жалғастырамыз деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан бөлек, іс-шарада өңірлерді дамыту, бұл ретте бауырлас қалалардың рөлі және алдағы уақытта осы бағыттағы ынтымақтастықты арттыру мәселелері сөз болды.

Кездесудің қорытындысы бойынша Қазақстан мен Мысыр Парламенттері Сенаттарының Төрағалары Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Спикерлер бұл құжат ынтымақтастықтың аясын одан әрі кеңейтуге тын серпін беретін қадам екенін айтты.

## ҰҚШҰ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



**Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Парламент делегациясы Алматы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысты.**

Ерлан Қошанов жиынға қатысушыларға 2024 жылы Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалығы кезіндегі басымдықтарының жүзеге асу барысы туралы ақпарат берді.

— Біз бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, мүше мемлекеттердің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау ісінде Ұйымның әлеуетін дамытуға баса назар аудардық. Қазақстан Президенті — ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы бағыттарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Бұл құжат қажетті модельдік заңдар мен ұсыныстарды әзірлеу үшін біздің парламентаріміздің де үлесімді іс-әрекетін қамтиды, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов терроризм мен экстремизмге, ақпараттық технологиялар мен есірткі бизнесі саласындағы қылмыстарға қарсы күреске бағытталған ұйымға мүше елдердің аумағындағы бірқатар іс-

шараны атап өтті. Мәжіліс Төрағасы төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою мәселелері бойынша ынтымақтастықты тереңдетуге ерекше мән беріліп отырғанын айтты.

Сонымен қатар жиынға қатысушылар әлемдегі жалпы геосаяси жағдайды талқылап, Таяу Шығыстағы ахуал ерекше алаңдаушылық туғызатынын атап өтті. Мәжіліс Спикері халықаралық қоғамдастық Ауғанстандағы күрделі гуманитарлық жағдайды да ұмытпауы керектігіне назар аударды.

— Парламентаралық деңгейдегі сындарлы жұмысымыздың аясында біз осы мәселелерге үнемі ерекше назар аударамыз. Қазіргі қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін заңнамалық базаны қамтамасыз ету мақсатымен елдеріміздің парламентарі арасындағы белсенді ықпалдастықты жалғастыру маңызды деп санаймын, — деді Ерлан Қошанов.

Кездесуге Қазақстан тарапымен қатар Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының төрағасы Вячеслав Володин, Беларусь Республикасының Ұлттық жиналысы Өкілдер Палатасының төрағасы Игорь Сергеев, Қырғызстанның Жоғарғы Кеңеш төрағасы Нурланбек Шакиев және Тәжікстан Республикасы Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомали бастаған делегациялар мен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов, ҰҚШҰ ПА Атқарушы хатшысы Сергей Поспелов қатысты.



# ОРМАН ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Орман қорғау саласындағы кадрлар мен техника тапшылығы мәселесін қысқарғанда шешу қажет. Олар — кадр тапшылығы, техниканың тозуы, ұшқышсыз ұшатын аппараттар сатып алу және орман шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын арттыру. «AMANAT» Партиялық бақылау комитетінің отырысында алдағы күзгі өрт қауіпті кезеңге байланысты орман және табиғатты қорғау мекемелерінің өзекті мәселелері талқыланды.



Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, былтыр табиғатты қорғау мекемелерін материалдық-техникалық жарактандыруды жаңарту үшін 25 өрт сөндіру машинасы, 51 шағын орман патрульдік кешені, 154 трактор, 73 патрульдік машина, сондай-ақ 655 басқа жабдық сатып алынған.

«Орман және табиғатты қорғау мекемелерінде техникалық жарактандырудың жеткіліксіздігін атап өту қажет. Орман өртін сөндіру станциясының саны стандарт бойынша 729 болуға тиіс. Бізде бары — 254, олардың басым бөлігі өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарында салынған. Орман өртін сөндіру станцияларында 1 145 бірлік техника бар, олардың жартысы жарамсыз, 510-ы жұмыс істеуге жарамды. Сонымен қатар ұшқышсыз ұшу аппараттарының жетіспеушілігі (154 орман және табиғатты қорғау мекемелеріне барлығы 99 дана берілген) ормандарды толығымен аэровизуалды тексеруге мүмкіндік бермейді. Мысалы, «Семей орманы» табиғи резерватында бірде-бір ҰҰА жоқ», — деді ол.

Орман шаруашылықтарының балансында өрттерді сөндіру үшін 275 өрт сөндіру машинасы қарастырылған, бұл қолданыстағы норманың шамамен 111%-ын құрайды. Алайда машиналардың 198-і немесе 72%-ның тозығы жеткен және есептен шығарылуға тиіс. Жабдықтау мәселесі де өзекті болып тұр. Өз кезегінде «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев Жоғары аудиторлық палата жүргізген Төтенше жағдайлар министрлігінің аудит қорытындыларына назар аударды. Алматы, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының келелі елді мекендеріндегі өрт сөндіру бекеттерінің өртті сөндіруге қатыспаған жағдайлары тіркелді.

«Оған себеп: машиналардың істен шығуы және жанармайдың болмауы. Қазір ел бойынша ТЖМ қарамағында

не әкеледі. Әсіресе, орман аралайтын инспекторлар мен орман шеберлері жоқтың қасы», — деді ол.

Айта кетейік, Катонқарағай ұлттық паркіне «Семей орманы» және «Ертіс орманы» резерваттарымен бірге Партиялық бақылау комитетінің жұмыс тобы инспекциямен келді. Мәселелер бірдей, бұл — төмен жалақы, мамандардың тапшылығы және инфрақұрылымның дамымауы.

«Жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар шалғайдағы орман шаруашылықтарына жұмысқа орналастыруға ынталы емес, өйткені оларға баспана мен жайлы өмір сүру жағдайларын ұсынуға мүмкіндік жоқ. Жергілікті кадрларды ұстап қалу үшін салада жұмыс істейтін жергілікті жас мамандарға және жалпы жастарға аудан әкімдіктерінен ауданда суранысқа ие мамандықтар бойынша білім беру гранттарын беру, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, тұрғын үй беру, жұмыс орындарын беру тәжірибесін кенейту қажет», — деді Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев.

Отырыс қорытындысы бойынша, комитет мүшелері орталық және жергілікті атқарушы органдардың атына бірқатар ұсыныстар қабылдады, оның ішінде: орманшаруашылықтарындағы өрт ошақтарын ерте анықтау жүйелерін пайдалануды кеңейту, енбекақы төлеу формасын ауыстыру, орманшаруашылықтары үшін қызметкерлеріне тұрғын үй сатып алуға рұқсат беру, мониторингке партиялық бақылау бекеттерін тарту және басқалар. Сонымен қатар комитет төрағасы орман өрттері туындаған жағ-



цияланатын деңгейі олардың шынайы жағдайын көрсетпейді», — деді ол.

— Жабдықтау мәселесінің олқылығынан бөлек, орманшаруашылықтары жалақының төмендігіне байланысты кадр тапшылығына тап болуда, — дейді қоғам қайраткері Ермек Әбілғазиев.

«Катонқарағай ұлттық паркі қызметкерлерінің жалақысы төмен, себебі жүргізушілер, тракторшылар, тазалаушылар азаматтық қызметшілер санатына жатпайды. Және олар ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін 25% үстемеақы алуға құқылы емес, оларда медициналық жәрдемақы жоқ. Орта есеппен 80 мың теңге қолға түседі, бұл кадрлардың кетуі-

дайда республикалық штабты уақтылы құрудың маңыздылығына ерекше назар аударды.

«Республикалық деңгейде штаб қазірдің өзінде болуы тиіс, ол қажет болған жағдайда 1-2 сағаттың ішінде команданы жұмылдыруға тиіс. Себебі стандартты режимдегі ведомстволық өзара іс-қимыл әрдайым сұрақтар туғызады. Су тасқыны туындаған кезде Президент дұрыс шешім қабылдады, төтенше өкілеттіктері бар штаб құрылды. Осылайша, қазір де өртке қарсы жұмыстар бойынша төтенше штаб құру қажет. Мемлекет басшысының нұсқауларын күтудің қажеті жоқ», — деп түйінделі Павел Казанцев.

# КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қала күні мерекесіне орай Риддер қаласында көпбалалы 10 отбасы баспаналы болды.



Бұл тұрғын үйлер «AMANAT» партиясының Шығыс Қазақстан облысы бойынша сайлауалды бағдарламасы аясында «Бірқабатты Шығыс» жобасымен салынған. Енді міне кезекте тұрған көпбалалы отбасыларға беріліп отыр.

«Біз бүгін жана үйдің кілтін алғанымызға өте қуаныштымыз. Мереке қарсаңында көптен күткен баспанамызға қол жеткізіп отырмыз. Көпбалалы отбасыларға мемлекет тарапынан көптеген игілік жасалуда», — деп өз қуанышымен бөлісті көпбалалы отбасы қала тұрғыны Марина Соболева.

Әрбір пәтер үш бөлмелі, жалпы ауданы 80 шаршы метрден асады. Сондай-ақ ас үй, қонақ бөлмесі, жеке қазандық және жуынатын бөлмелері де бар. Партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша мұндай баспаналардың

құрылыстары әр жыл сайын жүргізіліп, кезекте тұрған отбасыларға беріледі.

«Біз осы баспаналардың құрылыс жұмыстары басталған күннен басы-қасында болып, партия фракциясының депутаттары мен қоғамдық кеңестердің өкілдерімен бірлесіп, құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау жасадық. Бүгін баспаналар көпбалалы отбасыларға табысталған қуанышты сәттің куәсі болудамыз», — дейді «AMANAT» партиясы Риддер қалалық филиалының төрағасы Юлия Титарова.

Қала әкімінің міндетін атқарушы Мұрат Байжұменовтың айтуынша, бүгін 10 көпбалалы отбасы жаңа пәтерлі болды. Қалған 10 пәтер осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін беріледі. Сондай-ақ ол келесі жылы «Бірқабатты Шығыс» бағдарламасы бойынша тағы 10 пәтер салу жоспарланып отырғанын атап өтті.

# МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕКЕТ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Досан ауылында салтанатты түрде медициналық бекет ашылды.

Шаһар басшысы Серік Қожаниязов ауыл тұрғындарын жана нысанмен пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп елдің басты құндылығы — адам денсаулығын дамытуға алға қойды. Бүгінде қаламызда ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының үйлестіруімен осы бағыттағы ауқымды жұмыстар жүйелі жүзеге асып келеді. Оның нақты дәлелі, жыл басында көпбейінді облыстық аурухана базасында жана МРТ аппараты іске қосылды, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Облыстық балалар ауруханасы базасында «Камкорлық» реабилитациялық орталығы құрылып, денсаулық сақтау саласына қажетті аса қымбат дәрі-дәрмектер алынды. Сонымен қатар құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен іске қосылды. Медициналық кешенде компьютерлі томограф, цифрлық рентген, ультратабыстық аппарат қаралған.

Ең ауқымды жоба, шаһарда 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл ауруханадан бөлек, жақын

күндері құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын облыстық Қан орталығын пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Осының барлығы халық денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмыстардың нәтижесі», — деді Серік Салауатулы.

Жана нысан «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында бой көтерді. Оның құрылысына 138 млн теңге жұмсалды. Мердігер — «Интегратор» ЖШС. Медициналық бекетте 7 қызметкер жұмыс істейді. Іс-шарада медицина саласының үздігі, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері Сағындық Шамшиев тұрғындарды құттықтап, игі тілегін білдірді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды.

Осы іс-шарадан кейін қала әкімі Серік Қожаниязов Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесу өткізді. Онда шаһар басшысы жыл басынан бері атқарылған жұмыстардан хабарлар етіп, ауыл азаматтарының өтініш-тілектерін тыңдады. Кездесуде тұрғындар жаяу жүргіншілер жолын салуды, көшеге қиыршақ тас төсуді, 1987 жылы пайдалануға берілген №138 мектепке күрделі жөндеу жүргізуді, Досан ауылына талапқа сай электр желісін тартуды алға тартты.

«Биыл ауылдық округті дамытуға барлық бюджет қөздерінен 867 млн 900 мың теңге қарастырылып отыр. Соған сай ауқымды жобаларымыз бар. Абай ауылына жабдық спорт кешенінің құрылысына жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Ал №138 мектепке күрделі жөндеу жүргізу орынды. Алдағы уақытта оның да түйінді шешілуіне тиіс. Электр желісін тарту бойынша республикалық бюджеттен 50 млн теңге бөлінді. Мердігер — «Техсервис» ЖШС», — деген шаһар басшысы заң шеңберінде шешілуге тиіс шаралар бойынша сала мамандарына тапсырма берді.

# ӨҢІРДЕГІ ОҢ ІСТЕР ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Қарағанды облысында ауыл шаруашылығына арналған ірі жобалар жүзеге асуда. Бұдан бір жыл бұрын Нұра ауданы Көбетей ауылында тәулігіне орта есеппен 27 тонна сүт өндіруге мүмкіндік беретін сүт-тауар фермасының құрылысы басталған болатын. Биылғы күзде аяқталады деп жоспарланған фермаға голштин тұқымды сиырлар әкелінінті болады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына барғанда: «100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жемшөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек», — деген еді.

Міне, осы сөз облыс басшылығына түрткі болып, Қарағанды өңірінде 3 ірі сүт фермасы салынады. Соның бірі Нұра ауданы Көбетей ауылында бой көтеруде.

Осы ауылда болған сапарымызда жұмыс жайынан хабарлар болып қайттық. «Черниговское и К» ЖШС және «Рамадан МФ» ЖШС серіктестігі тауарлы ірі сүт фермасына тапсырыс берген.

— Сүт-тауар фермасын салу арқылы біз өнім алуды әртарапандырайық деп шештік. Біз — өсімдік өсірушілерміз. Жасыратыны жоқ, жыл сайын моно дән егумен айналысу қиындап барады. Сондықтан «Рамадан МФ» ЖШС-мен бірігіп, Қарағанды облысы мен Астана шаһарының сүт өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ететін заманауи тауарлы-сүт фермасын салу туралы шешім қабылдадық», — дейді «Черниговское и К» ЖШС директоры Айдос Қанапін.

Жоба бойынша 1 100 бас ірі қара ұстауды қарастырып отыр. Ферма жобалық қуаттылыққа шыққан кезде жылына 9 000 тоннаға жуық сүт өндіру жоспарлануда. 70-ке жуық жұмыс орыны құрылады, бұл ретте жұмысқа бірінші кезекте жергілікті тұрғындар орналастырылады.

Сүт-тауар фермасы өзін азықпен қамтамасыз етеді. Ол үшін су тарту құрылысын және су құбыры желілерін салу жобасы әзірленді. Ол сүрлемге арналған жасыл жүгері және басқа да дәнді дақылдар отырғызылады деп жоспарланған 700 гектар алқапты суаруды көздейді.

— Бәсекеге қабілетті енбекақы төленетін 60 жана жұмыс орынын құрамыз. Егер реті келіп жатса, одан да көп жұмыс орыны ашылады. Бірінші кезекте ауыл тұрғындарын жұмысқа аламыз. Қазір олардың көпшілігі амалдың жоқтығынан елордаларда жүр. Кейбірі күнделікті қатынап істейді. Енді біздің ферма ашылғаннан кейін жастар қаладан жұмыс іздемейді. Туған ауылында тұрып, заманауи сүт фермасында жұмыс істеп, елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын болады. Әр ауылда осы секілді



кәсіпорын, агрофермалар болса, ол ауыл дамиды. Ел көшепеді. Сырттан жұмыс іздемейді. Тағы да қайтап айтайық, ауыл жұртының жақсы табыс табуына мүмкіндік жасамақ ойымыз бар», — дейді директор Айдос Қанапін.

Ферма Нұра ауданының орталығынан 25 шақырым, Астана қаласынан 70 шақырым жерде салынып жатыр. Бұл шаруа үшін өте тиімді. Өйткені сүтті Астанаға да облыс орталығы Қарағандыға да әкеліп саудалауға қолайлы.

Жоба құны 4,8 млрд теңгені құрайды. Оның 2 млрд 70 млн теңгесі кешеннің құрылыс жұмыстарына жұмсалып отыр. 1 млрд 292 млн қаражатты ферманың заманауи жабдығына бағытталса, 1 млрд 463 млн теңгесіне асылтұқымды сиыр алына-

ды. Үкімет ферманың толық жабдығы мен малдарын субсидиялайтын болады. Ферма жана агроөнеркәсіптік кешендерге жеңілдікпен несие берудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынып жатыр. Құрылысы бытыр тамыз айында басталған фермада екі мердігер Asia Modern Group ЖШС мен «ДСК-Строй» ЖШС бірлесіп, жұмыс істеп жатыр. Құрылыс жұмыстарына ауылдың тұрғындары да тартылған. Екі мердігер ұйым 45 адамға жұмыс беріп отыр. «Черниговский и К» ЖШС-ның басқарушы менеджері Арман Нұржанов бүгінгі күні жоспарланған құрылыс жұмысының 40 пайыздайы аяқталғанын айтты. «Жұмысты қыркүйек айына дейін аяқтап қалуымыз мүмкін», — дейді мердігерлер.

Бұл арада бес фермадан тұратын кешен, сондай-ақ жемшөп өндіруге арналған сүрлем алаңы болады. Тауарлы-сүт фермасында арнайы астық тазартқыш қоймасы қатар орналасады. Бұл жерге тамшылатып суару жүйесі орнатылады. Тауарлы-сүт фермасы қажетті азықпен өзін-өзі қамтамасыз етеді. Ол үшін су тарту құрылысын және су құбыры желілерін салу жобасы әзірленіп, қолға алынған. Жоба сүрлемге және басқа да дәнді дақылдарға араластыратын жасыл жүгері отырғызу жоспарланған 700 гектар алқапты суаруды көздейді. Жоба «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолдау тауыпты.

Кәсіпкерлер оны жүзеге асыруды күтіп отыр және аустриялық Вауег фирмасының алты шашыратқыш машинасын сатып алған.

Сиыр сауатын орын сүттің мөлшері мен сапасын автоматты түрде бақылап отыратын жоғары технологиялық құрылысмен жабдықталады. Сүт фермасының басшылары мұндай толық «ақылды» құрылыс Германиядан арнайы алдырды. Келісімшарт жасасып, жарты қаражатын аударған.

Асылтұқымды сиырдың арнайы «чипсы» болады. Сол арқылы күніне, айына қанша сүт бергенін көре алады. Фермаға асылтұқымды голштинді Германиядан әкеледі. Бұл сиырлар — ең сүтті тұқымдардың бірі ретінде белгілі. 2-2, 5 мың еуро тұрады. Ферманың жобалық қуаты — 1 100 бас. Күніне 27 тонна литрге дейін сүт алуды жоспарлап отыр. Алғашқы 400 сиырды биыл күзде әкелмекші.

Бұл — «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қолдаған облыстағы ірі тауарлы-сүт фермасын құру бойынша инвестициялық жобалардың бірі.



**Президенттің жуырда жарық көрген орта державалар мен олардың мультилатерализмді сақтау қабілеті жөніндегі мақаласы – қай тұрғыдан қарастырсақ та тамаша еңбек. Ол 2023 жылы Астана халықаралық форумы аясында басталған дискуссияның жалғасы болды.**

Middle power теориясы – геосаяси дискурстағы жаңа құбылыс. Байқалып жүргендей, ол «жұмсақ күштер» және оны қауіпсіздік мәселесінде пайдалану туралы дискурсты дамытудың үлкен процесінің бөлшегі болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік ғылыми ой жаһанда стратегиялық тежеу мен теңгерімді қалай сақтау жөніндегі анализден бастап, қарым-қатынасты үйлесімді етуге дейінгі эволюцияның ұзақ кезеңін бастан кешірді. Милитаризмнен ядролық тежеу тәсілдері мәнін түсінудің жұмсақ құралдарға қатысты жаңа жолдарына өту жүзеге асты.

Мұның барлығы «қатан» қауіпсіздік пен гуманитарлық әдістердің және халықаралық қатынастардың түйіскен тұсында дамыған International Security Studies деген тұтас бағытты құрады.

Ақыры, жаһандық дискурс примитивті милитаризмнен жұмсақ әлемдік тежеудің күрделі конструкторларына көшті. Осы мерзім ішінде немесе транзит, өту, тұрақтылық немесе resilience, democratic security, civil society және басқада көптеген теориялар пайда болды.

Бұл дискурстың негізін структурализм, функционализм, феминизмнің академиялық теориялары қалады.

Көпжақтылық халықаралық қатынастардың шешуші аспектісіне айналды. Осы кезеңде Біріккен Ұлттар ұйымы соғыстан кейінгі дамыудың ядролық ретінде кеңейтілген мандаты бар мекемеге трансформацияланды.

Бұл ретте глобализм әлемдік жүйе эволюциясын қалыптастыратын негізі элемент болды. Біз қазір глобализмнің негізін нәтижесінде пайда болды? Технологиялық дамыудың кесірінен бе немесе «Вашингтон консенсусының» салдарынан ба? Оны талқыламаймыз. Қалай болғанда да глобализм шындыққа айналды. Ол әлемдік кедейліктің азаюына ықпал етіп, Еуразия, соның ішінде Қазақстан да бар, перифериялық аймақтарды даму процесіне тартты.

Осы тұрғыдан қарастырсақ, біздің ел – глобализм бенефициарларының бірі. Біз әлемдік энергетикалық теңгерімге үлес қосып, жаһандық экономикаға импульс бере алдық. Әлбетте, тек біз ғана емес, бұған транзиттік елдер жиынтығы атсалысты.

Сөйте тұра, глобализмде сызықтық өлшем болған жоқ және оның табысы барлық елдер арасында тең бөлінбеді.

Мәселе глобализмді мемлекеттердің ел ішіндегі интеллектуалдық және технологиялық сыйымдылықта қабылдауы, сын-қатерлерге төтеп беруі мен тұрақты дамуы сақтау қабілетіне байланысты еді.

Соғыстан кейінгі әлемдік жүйе үшін негізгі сынақ – идеологиялық поляризация болды. Демократиялық, нарықтық жүйелер қауіпсіздікке қатысты қатерлерді жақсыенсеретінін дәлелдеді. Олар өз жүйелерін коммунистік концепциядан төнетін қатерлерге төтеп беруге бейімді алды. Осының аясында әлеуметтік бейнесі бар капитализм немесе бірқатар Welfare State концептіінде жаһандық капитализмнің қайта түлеуі жүзеге асты.

Жаһандандудың ұзақ кезеңінің нәтижесінде дамуда секіріс жасаған жаңа мемлекеттер тұтас тобы пайда болды. Бұл «Азия жолбарыстары» феноменінен басталған болатын. Әрмен қарай бұл процесс Таяу Шығысқа, Латын Америкасына тарап, ақыр соңында Еуразияға, Орталық Азияға, Кавказға жетті.

Бір сөзбен айтқанда, соғыстан кейінгі кезеңде пайда болған «жаһандық терезе» аясында сыртқы атрибуттық өзгерістерді жұтып, ресурстарды сапалы өзгерістерді старты үшін пайдалану маңызды еді. Өйткені олар қасқағым сәтте жүзеге аспайды. Олар көбінесе терең өзгерістер мен қозғалыс үшін критикалық масса жинақтаудан бұрын әдетте көп уақыт жұмсауды қажет етеді. Бәлкім, бұған бірнеше ұрпақ қажет болуы да мүмкін. Бірақ бұл іске кірісуді бастау қажет еді.

Сөз жоқ, дамуы унификациялау мен теңестіру жүзеге асқан жоқ. Мемлекеттердің барлығы бірдей глобализмді еңсерсе алмады. Экономикалық глобализм қоғамның ішкі сұранысын арттыруға қажет мүмкіндіктерді – сананы, азаматтық қоғамды, экономикалық және саяси институттарды, адам құқы мен бостандығын, ақыр соңында әлеуметтік және физикалық инфрақұрылымды дамытуға қажет ресурстарды молайтуға мүмкіндік берді.

Мұның барлығы маңызды әрі қашып құтылмайтын факторлар еді, өйткені



## ОРТА ДЕРЖАВАЛАР



**Дархан КӘЛЕТАЕВ,**  
саяси ғылымдар докторы

жаһандану «диффузия» әсерін туғызды. Сонымен қатар оны ғаламшардың бір түпкіріндегі адамдар қандай игіліктер мен бостандықты пайдаланып жатқанын көрген келесі қауым да дәл сол құндылықтарды өздері үшін талап ете бастайтын демонстративтік әсер деп те атайды.

Бірақ жаһандануға қосылған елдер тағы бір сынақтан өтуі керек: демократия мен ұлтшылдық арасында тепеңдікті сақтай білуі қажет.

XX ғасыр ұлтшылдықтың нацизм және фашизм түріндегі жағымсыз үлгісін әкелді. Жаңа ғасыр оларды төндіретін қатері аз емес терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизммен алмастырды. Алайда олардың табиғаты өзгеріс, олар адамдардың бір тобының өзгелерден ерекше екені жөніндегі идеяға құрылған.

Демократия мен қауіпсіздік контекстінде ұлтшылдықтың мемлекеттер егемендігінің іргетасы болып қаланып отырған интеллектуалдық концепция ретінде ерекше мәні бар. Ұлтшылдық – дамуға қажет отын, реформалар энергетикасы. Әрі оны қоғамның жылдам трансакциялануына, адамдардың бір-бірімен тез тіл табысуына жәрдемдесетін әлеуметтік оптимизм, ынтымақтастық деп те атайды.

Интеллектуал немесе көзі ашық ұлтшылдық көше ұлтшылдығы примитивтіліктен алыс болады. Мұндай мейлінше айқын, ағартушы, мәдени ұлтшылдық Жапонияда бар. Бұл жерде примордиалистикалық құрылымның қарабайыр түсінігіне негізделмеген азаматтық ұлтшылдық туралы айтуға болады.

Алайда ұлтшылдықтың тағы бір мәні – протекционизм идеологиясы бар. Бұл глобализмге қарсы көңіл күй мен керітартпа ағымдардан құралады.

Рас, глобализмнің кері әсері болды. Алдымен егемендікті әлсірететін космополитизм салтанат құрды. Бірақ ұлттарға жаһандық процестерге қатысуға, өзінің жеке келбетін жоғалтпастан жалпы даму ағысына ілесуге мүмкіндік беретін «әлемнің әртүрлілігі» туралы дискурс пайда болды.

Бұл ретте біз әлем әлі де болса өткен ғасырда қалуға тиіс мәселелерден арыла алмай отырғанын көреміз. Бұл – күш қолдану, милитаризм, жер дауын соғыс жолымен шешу, БҰҰ жарғысына мән бермеу немесе оны бұзу тәрізді мәселелер.

Алдымен біз Уинстон Черчиллдің 1946 жылы Фултондағы сөзі мен 1976 жылғы Хельсинки келісімінің арасындағы үлкен белгісіздік кезеңін көреміз. Халықаралық қатынастардың соғыстан кейінгі жедел трансформациялану мүмкіндігі болды. Идеологиялық қайшылық кедергі келтірді.

Одан кейін Михаил Горбачев пен Рональд Рейганның Рейкьявиктегі кездесуінен, Берлин қабырғасының құлауынан, Польшадағы «Ынтымақ-

## КОНЦЕПЦИЯСЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ

### КӨПВЕКТОРЛЫҚ МОДЕЛЬДІҢ ЖАЛҒАСЫ

тастық» қозғалысынан кейінгі, 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басындағы жаңа дағдарысқа дейінгі кезең болды. Тағы да қауіпсіздік нашарлап, милитаризм спиралын ширату басталды. Мұның өзіндік себебі бар, ол алдыңғы буынның қорқыныштары мен стретиптерінде жасырынған. Мұның барлығын біз «посттравматикалық синдром» деп атаймыз. Әрі «психозоматикалық жаракат» соғыс көрген, соғыс деп аталатын құбылысқа қатысы болған буыннан бейбіт күннің ұрпағына берілді.

Міне, жадтың трансгенерациялық берілуі концепциясының мәні осында жатыр. Бұл – бір буынның басынан өткен негатив тәжірибенің ұжымдық

мезгілде екі қалың жүргізу стратегиясы. Қытайды стратегиялық тежеу механизмдерін қалыптастыру, глобализмді ауыздықтау және протекционизмді күшейту, қарулану жарысының жаңа сатысы, тактикалық ядролық қаруларды орналастыру және өзгелері белен алды.

Мұның барлығы жаһандық қатынастарда белгісіздікті жоғарғы деңгейге шығарады. Сондықтан «ортанғы күштер» концепциясын конструктивизм иньекциясы, балама ұсыну деп санауға болады.

Жаһандану дәуірінде тек ресурстары мен халықаралық қызметте тәжірибесі бар орта державалар пайда болған жоқ. Олар белгілі бір миссияны орындауды үйренді.

“

*Бір сөзбен айтқанда, соғыстан кейінгі кезеңде пайда болған «жаһандық терезе» аясында сыртқы атрибуттық өзгерістерді жұтып, ресурстарды сапалы өзгерістерді старты үшін пайдалану маңызды еді. Өйткені олар қасқағым сәтте жүзеге аспайды. Олар көбінесе терең өзгерістер мен қозғалыс үшін критикалық масса жинақтаудан бұрын әдетте көп уақыт жұмсауды қажет етеді. Бәлкім, бұған бірнеше ұрпақ қажет болуы да мүмкін. Бірақ бұл іске кірісуді бастау қажет еді.*

жад механизмдері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілуі. Ұжымдық жад тек вербалды құралдар арқылы жұмыс істеймейді, бір жағынан, терроризмге қарсы жаһандық соғыспен, екінші жағынан, халық пен элита арасындағы қайшылықтың көрінісіне айналған «түрлі түсті революциялармен» байланысты болды. Ескі сана стретиптері қуғын-сүргінді іске қосып, бостандықты шектей бастады. Осылайша, конфликтілер спиралі қайта жаңғыртылды.

Осыған байланысты өткен тәжірибенің стретиптері мығым әрі ұрпақтар бойы сақталуы мүмкін екенін атап өту керек. Сондықтан поляризация, қырғи-қабақ соғыс, текетірес стретипі тарихтың жаңа кезеңінде қайтадан көрініс беруі ықтимал. «Мәдени жаракаттың» әсері азаюуы мүмкін, бірақ кейін қайта жаңғырады.

Біз мұның бәрін қазір көріп отырмыз. Өткен күннің «Мәдени жаракат» ұрпақ алмасып жатқанына қарамастан, жұмыс істеп тұр. Бірақ жаңа ғасырдағы, біз Z(GenZ) ұрпақ дейтін жаңа буын жұмыс істейтін конструкт ұсынуы керек. Бұл болашақ келбетін көру үшін оларға қажет болады.

Осы тұрғыдан алғанда Қасым-Жомарт Тоқаев мырза ұсынған орта державалар концепциясы өте өзекті. Біз посткиссенджер кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл кезең жақында ғана өмірден озған геосаясат патриархы Генри Киссенджердің атына негізделген. Оның концепциясының басты аспектісі Еуразия державалары арасындағы тепе-теңдік, бірақ ең алдымен Қытай және Ресей факторын дұрыс бағалау еді.

Жаңа кезеңде әлдеқайда қатан концепциялар – АҚШ тарапынан бір

мойындау, БҰҰ-ны сақтау, халықаралық қатынастардың іргелі принциптерін қамтамасыз ету.

Себебі оқиғалардың кері бағытта дамуы жаһандандуды тежеп, протекционизмнің өсуіне және мемлекеттердің өз аймақтық кеңістіктерінде тұйықталуына алып келеді. Сонымен бірге сыртқы орта барған сайын қауіпті және агрессив бола түседі.

Жаңа шындықтың алдында тұрған негізгі мәселе – жанжалдардың алдын алу. Оларға жол бермеу – басталып кеткен қақтығыстарды тоқтатудан әлдеқайда жеңіл. Ірі державалар орта державаларға құлақ асып, тындап, оларға белгілі бір миссияларды орындауға мүмкіндік беруі керек. Осыған байланысты орта державалар күшті державалар арасында қалыптасқан қарым-қатынас мен теңгерім нәтижесінде пайда болған бос кеңістікті толтыруға қабілетті делдал бола алады.

Бұл тұрғыда тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыратын аймақтық хаб ролін ойнауға тырысып отырған Қазақстанның ұмтылысы – жаһандан модельденетін шындықтың маңызды элементі. Тұрақты дамыудың мақсаты – жаһанданды, агрессивті әрі кәсіби әдістерді, көбірек халықаралық күш-жігерді, жауапкершілікті, аймақтық фокусты талап етеді.

Қазір біз БҰҰ-ның әлеуметтік күн тәртібі 2030 жылға дейінгі Тұрақты

даму мақсатын жүзеге асырудың соңғы кезеңіне аяқ бастық. Әзірге айтарлықтай айырмашылықтарды көріп отырмыз, маңызды сауалдар тізбегі ұлғайып келеді және оған жедел жауап берілуі қажет. Бұлар – әйел құқы, балалардың қауіпсіздігі, зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы тұру, қаржылық қылмыс және алаяқтықпен, кибертерроризммен, қаржылық алаяқтықпен, жемқорлықпен күрес, жасыл экономикаға өту, табиғи апаттардан қорғану механизмдері, қоғамның тұрақтылығы қатарлы мәселелер. Бұл – күн тәртібін белгілейтін және ұжымдық жауапты қажет ететін мәселелердің үлкен тізімі. Олардың шешімі қалыптасқан себептерін жоюға әсер етеді. Әрі қазір конструктивизм мен бітімгерлік халықаралық қатынастар негізін айналып сәт.

Президенттің мақаласында қақтығыстардың алдын алу үшін Қазақстан әзірлеген инструментарий ұсынылған.

Баршамыз демократияның бір-бірімен соғыспайтынын білеміз. Дүниеде визуализация және диффузия әсері болды, қандай жағдайда да барлық мемлекеттер демократияға қарай жылжиды. Бұл процесті тоқтату мүмкін емес. Ал оған қарай бәрі қалай жүреді әрі қандай кедергілерден өтуі керек, ол – басқа мәселе.

Одан бөлек, жүйелер климат өзгерістері туғызған сын-қатерлермен бетпе-бет келуге мәжбүр болады және бұл құбылыстар уақытша немесе төтенше оқиға емес. Жүйелерді кез келген сәтте табиғи катаклизмдерге даяр тұратын етіп трансформациялау маңызды бола түседі. Мұндай жұмыстар азаматтық қорғаныс, халықтың күрделі климаттық-табиғи жағдайларға төзімділігі мәселелерімен де байланысты. Апаттарға төтеп беру үшін бір-бірімізге деген сенімді күшейтіп, әлдеқайда қуатты институттар құру қажет болады. Еріктілердің көбірек жігері, көбірек білім, терең ынтымақтастық керек.

Орта державалар позициясы тұрғысынан қарау әлемнің географиялық құрылымына қатысты пайымға бірқатар балама ұсынады. География дегеніміз, бәріміз білетіндей, мандайға жазылған тағдыр, бірақ оған тым көп назар аудару қарғысқа ұқсап кетуі мүмкін. Географиядан секіріп кете алмаймыз, демек ол туралы дауласудың мәні жоқ. Орта державалар – структуралистік, функционалистік, жүйелік және методологияның бөлшегі. Біз осынау әлемнің іргетасын нығайту үшін ішкі қалыбымызды құра аламыз. Бұл – көпқырлылық пен ережеге негізделген бейбітшілік. Орта державалар жаһандық шиеленіс пен ірі державалардың текетіресі жағдайында аман қалуға кепілдік беретін механизмге мұқтаж.

Осылайша, Тоқаев мырза жағдайдан шығу жолын көрінетіндей шынайы, прагматикалық амал ұсынды.

Жаһандық стратегиялық белгісіздік жайлы сөз етер болсақ, оның баршаға қатысы бар. Көптеген ақыл-ой орталықтары, соның ішінде бағыстағылар жаңа қырғи-қабақ соғыс жайлы айта бастады. Бірақ осынау жағдайдан аман-есен шығу жолын табатын қандай да бір конструктивті идея ұсынғандар сирек.

Егер ірі державалардың әрекеті шектеліп, оларда жауапкершіліктің тым үлкен тізімі мен төңірегіне топтасқан одақтасу шенбері болса, онда бәлкім шын мәнінде орта державалар жауапкершілікті өз мойнынан алуы мүмкін.



(Басы 1-бетте)

— Инвесторлар кен орындарынан басқа қандай салаларға инвестиция сала алады? Егер олар тек қазбаларға қызығушылық танытса, экономиканы әртарап- тандыруға не кедергі?

— Әзірге инвесторларды тек пайдалы қазбалар қызықтырады. Сондықтан оларға дивидендті жоғары салаларда қызықты жобалар ұсыну керек. Біз мыс, болат және ең бастысы уран өндіріміз. Егер өз елімізде уран өнеркәсібінің бүкіл тізбегін құра алсақ, яғни кен орнынан бастап электр станциясына арналған атом жанармайына дейін, онда соның өзі бес жылда жетеміз деген инвестицияның жартысына тең болар еді. Қазір мұның маңызы өте жоғары. Себебі бүгінде елімізде инвестицияға сұранып тұрған және инвесторлар қаражат құюға әзір отырған салалар бар. Оларға енді жай ғана «есікті ашу» қажет. Мысалы, ядролық отын өндіруге.

— Қалай ойлайсыз, бұл экономиканы шикізатқа тәуелділіктен құтқара ма?

— Қазір кез келген ел экспортқа тәуелді, мысалы, АҚШ, Сауд Арабиясы, Қытай және тағы басқа алпауыт елдерді алайық. Бұл жерде екі бағыт бар: импортты алмастыру және экспортқа бағдарлау. Іс жүзінде екеуі де бір деуге болады, себебі мемлекет импортты алмастыру үшін бірінші өз өндірісін дамытады, ал содан кейін басқа нарықтарға ұмтылады. Қазір экономиканы әртараптандыруға біршама қол жеткіздік. Атап айтқанда, астық, ет, уран және мұнай өндіріміз. Егер біз уранды, мұнай химиясын және ауыл шаруашылығын осы тектес әлеуеті мол салалардың барлығын дамытатын болсақ, тікелей шетелдік инвестиция тарту барысында межелі көрсеткіштерге қол жеткізе аламыз.

— 2029 жылға дейін елдің ЖІӨ-ні 450 миллиард долларға жеткізуге қандай қадамдар көмектеседі?

— Ішкі өндірісті дамыту, яғни мұнай химиясы мен уран өндірісін және мыс, темір рудасынан дайын тауарлар әзірлеу секілді ірі өндіріс қана біздің ЖІӨ-ді алға сүйейді. Ал тек шағын және орта бизнеске арқа сүйеу, әрине ЖІӨ-ді 450 млрд долларға дейін жеткізе алмайды. Өйткені ШОБ негізінен адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету және жайлылықты арттыру үшін қажет. Себебі «10 миллион кофехана» ашып қойып қарап отыруға болмайды, әрине. Өйткені жалпы ішкі өнімді арттыратын қаражат бізге сырттан келуі керек. Сондықтан өндіріс орындары өз технологияларын жетілдіруі қажет. Бізде инженерлерді, ветеринарларды және өзге де қажетті кадрларды даярлауда үлкен проблемалар бар. Өнеркәсіпті одан әрі дамыту үшін шет мемлекеттерден инженерлерді әкелуіміз керек шығар. Бізде инженерлер туралы айтпаған күннің



Елдар ҚАБА (қолтақ)

Расул РЫСМАМБЕТОВ, ЭКОНОМИСТ:

# Елімізде ИНВЕСТИЦИЯҒА СҰРАНЫП ТҰРҒАН САЛАЛАР БАР

секілді нарықтар қажет. Таяу Шығыс пен Иран да нарық көлемі жағынан үшінші орында болуы мүмкін. Біз үшін бұл өнеркәсіп қажет ететін үлкен сынақ. Себебі қазір отандық азық-түлік өнімдерін алысқа экспорттау мүмкін болмай тұр.

— Бұл жерде субсидияның рөлі қаншалықты маңызды? Мысалы, былтыр құл шаруашылығы өкілдері субсидияға қол жеткізе алмай отырғандарын мәлімдеген болатын.

— Субсидия мәселесі әлі де бар. Мысалы, Қытайда қарапайым ғана тауық табанына деген сұраныс өте жоғары. Біз оған қажетті мөлшерді жеткізіп бере алмай отырмыз. Сондықтан жоғарыда атап өткен секторлардың субсидиялануы өте дұрыс. Себебі әлемде ауыл шаруашылығына субсидия бөлмейтін ел жоқ та шығар. Егер сүт өнімдерін алсақ, қазір олар ресейлік және беларуссиялық сүт өнімдерімен бәсе-

— Мемлекеттің субсидияларды ұлғайтуына не кедергі?

— Субсидиялар фермерлерді тамақтандыру үшін емес, жана технологияны енгізу үшін қажет. Бірақ кей кезде субсидия, керісінше, нарықтағы ахуалға кері әсер етіп жатады. Мысалы, бидайға арналған «тоннасына берілетін» субсидиялар дикандардың барлығын тек астық себуге мәжбүр етті. Алдымен «гектарына берілетін» субсидиялар болды. Ол отандық агрохолдингтерді 1-1,5 миллион гектар жерді алып, сол жерде бидай егіп, әр гектардан субсидия алатын. Бірақ олар егіннің тиімділігі мен өнімділігіне ешқандай қызығушылық танытпады. Одан кейін субсидиялар тоннасына берілетін болды. Бұл жерде де сұрақ туындайды, өйткені астық сапасыз немесе өнімділігі төмен болуы мүмкін. Қытайлықтар бір кездері Алматы және Жамбыл облыстарынан соя сатып алды. Содан кейін барлық фермер соя егуге

субсидияны басқа нарықтарды игеруге пайдаланады. Америкалықтардың ауыл шаруашылығы технологиясы өте жақсы дамыған, уақытында қажетті дәрумендерін беріп, баптайды. Осы схема бойынша Аргентина сиыр өсірді. Қазір олар америкалықтармен бірге сиыр етінің көп және ең жақсы өндіретін елдердің біріне айналды.

Осы жерде жақсы агрономдарға, мал өсірушілерге, ветеринарларға сұраныс пайда болады. Мысалы, Өзбекстанды алсақ, онда екі рет жиналған өнімді жыл бойы талғажау етеді. Көптеген отандық фермер Өзбекстанға барып, тамшылатып суаруды үйренгенін білемін. Өзбекстанда жердің жартысы шөл, сондықтан олар тамшылатып суаруды енгізуге мәжбүр. Бізде бұл технологияны енді ғана қолға ала бастады. Жалпы, ауыл шаруашылығы өте қызықты, бірақ мұнай химиясымен салыстырғанда әлдеқайда күрделі сала. Мұнай химиясында өндіріс, жеткіздік

Жарлыққа қол қойды. Бұл инвестициялық тартымдылықты арттыруда қаншалықты тиімді?

— Жарлық — бұл Президент белгілеп берген бағыт-бағдар деуге болады. Енді бұл Жарлықты жүзеге асыру үшін депутаттар дұрыс заң қабылдап, қажетті түзетулерді енгізуі керек. Әсіресе, «Самұрық-Қазына» директорлар кеңесіне қатысты өзгерістер енгізілгенін құптар едім. Себебі экономиканың ең үлкен бөлігін «Самұрық-Қазына» және «Бәйтерек» холдингі алады. Осындай квазимемлекеттік мекемелердің директорлар кеңесінің құрамы жаңарып, өзгеше қарқынмен жұмыс істеуі қажет. Осыған дейін олар лайықты ұсыныс айтып, мәселелерді қызу талқыға салмай-ақ жай ғана бас шұлғумен шектеле- тін. Сол себепті нарықтағы «Самұрық-Қазына» үлесін қысқартуды мақұлдаймын. Сәйкесінше, ішкі нарықта отандық инвесторларға басымдық беру керек. Себебі қазір шетелдік инвесторлар ақша үшін ғана емес, жана технологияларды енгізу, экспортты бағдарлау үшін қажет.

Экономиканы ырықтандыру аясында бизнеске ақшаны қалай тарту керегін де ойластыру керек. Бизнес үшін ең өкініштісі — қазір оңай ақша жоқ, Президент айтты екен деп, бүкіл биз-

неске бюджет қаражатын бөліп бере алмайды. Кәсіпкерлер өз қаражатын мұқият есептеуі керек. Бірақ банктерге бизнесті несиелендіру үшін мемлекет қаражаты қажет болады. Бірақ бұл жерде «Нәліктен мемлекет өзі несие бере алмайды» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Бірақ егер жергілікті басқару органдары несие бере бастаса, бізде сыйбалас жемқорлық етек жая бастайды. Қазірдің өзінде оған толық тұсау болуға қауқарсызбыз. Бірақ егер әкімдіктер зауыттарға несие бере бастаса, барлық әкімдік «алтынмен апталып, күміспен қапталар» еді. Ал банктерде сараптама жасайтын құрал бар, несие беру тәжірибесі жеткілікті. Тіпті, қаржылық жоспардың орындалуын да қадағалап, тиімділігін бақылай алады. Бірақ банктер бизнесті тек мемлекет бөлген қаражатпен қаржыландыруы да дұрыс емес.

— Банктер қазір тек тұтынушылық несиеге машықтанып алған жоқ па?

— Жоқ, Forte bank, Halyk bank секілді банктер корпоративті несие беріп отыр. Ал Казір және HomeCredit сияқты банктердің бастапқы стратегиясының өзі тұтынушылық несиеге негізделген еді. Яғни, мұндай қаржы субъектілері корпоративті несие бермейді. Осындай модельді ұстанғандықтан, біз оларды емханаларға ақша беруге мәжбүрлей алмаймыз.

— Бизнес туралы сөз еткенде, өңірлер жайында айтпау мүмкін емес. Көпті мазалайтын сұрақтың бірі — аймақтарды біркелкі дамыту. Тәжірибе жүзінде бұл мүмкін бе? Өңірлерге инвестиция тарту кезінде тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?

— Біркелкі даму мүмкін емес. Себебі әр өңір әртүрлі дамиды. Еліміздің әр облысын бір-бір еуропалық ел ретінде қарастыруға болады. Ең бастысы, өңірлер өздерінің инвестициялық әлеуетін тиімді игеріп, инвесторларға жайлы орта қамтамасыз етуге тиіс. Дүниежүзілік банктің Doing bussines рейтингі секілді бізге де тек аймақтардың инвестициялық тартымдылығын анықтайтын ішкі рейтинг қажет. Қандай жаңа өндіріс орындары ашылып жатыр, отандық инвесторлар тартылды ма дегендей. Себебі мәселен, Жаңа Зеландиядан келген инвестор Абай облысын дамытуға күш салмайтыны белгілі. Ол аймақты сол өлкенің қыр-сырына қанық өз азаматтары алға сүйейді. Сондықтан өз өңірінің әкімінен де жақсы білетін отандық инвесторларға басымдық берген абзал. Себебі әкім де өз қызметінде ұзақ отырмауы мүмкін.

— Дегенмен қазір әкімдікке көп нәрсе байланысты емес пе?

— Әрине, сол үшін де бизнес өкілдері талап ете білгені жөн. Қалай болғанда да, бізде әкімдік шешіміне ықпал ете алатын құрал бар емес пе? Біз ұзақ жылдар бойы мәслихат депутаттарының лоббист деп қабылдап келдік. Себебі аймақтардағы мәслихат депутаттарының 90 пайызы құрылысшылардан құралған деуге болады. Қазір экономиканы ырықтандыру аясында осы мәслихат өкілдерін қайта қарайтын уақыт келді. Аз уақыт ішінде үлкен нәтиже күтпесек те, бүгіннен бастап өзгерістерге кадам жасау маңызды.

Сұхбаттасқан  
Кәмилә ЕРКІН



*Біркелкі даму мүмкін емес. Себебі әр өңір әртүрлі дамиды. Еліміздің әр облысын бір-бір еуропалық ел ретінде қарастыруға болады. Ең бастысы, өңірлер өздерінің инвестициялық әлеуетін тиімді игеріп, инвесторларға жайлы орта қамтамасыз етуге тиіс. Дүниежүзілік банктің Doing bussines рейтингі секілді бізге де тек аймақтардың инвестициялық тартымдылығын анықтайтын ішкі рейтинг қажет.*



өзінде, тіпті кейбір позициялар бойынша аула сығырушылар да жоқ.

— Шың өнімде, ішкі өндірісті дамытуға инвестициядан бөлек, қандай мәселе кедергі болып отыр деп ойлайсыз?

— Біріншіден, толыққанды маршруттар орнатқанға дейін экспортты дамыту өте қиын. Қазір Ресей, Каспий немесе Иран нарықтарына шыға аламыз. Сонымен қатар тікелей қолжетімді ең үлкен нарық бар — Қытай. Мәнін ойымша, Қазақстанның экспорттық қуатын тез арттыру үшін бірінші кезекте осы секілді үлкен нарық қажет. Сатып алуға дайын адамдар болса, бизнесте тез бейімделеді. Сондықтан азаматтары аukatты, орташа жалақы мөлшері де біздікінен жоғары, алпауыт Қытай елі ең маңызды нарық дер едім. Ал Қытайдың шығыс бөлігі даму деңгейі бойынша АҚШ немесе Еуропадан кем емес. Ол жерде нарықтық минимум өте жоғары. Өз кезегінде Қазақстан ол елге Bio, Eco санатындағы азық-түлік өнімдерін, яғни химиялық қоспасыз және ГМО-сыз сапалы астық пен күнбағыс майын экспорттайды. Мұның бәрі Қытайда өте жақсы сұранысқа ие. Әрине, ет экспортының да әлеуеті жоғары. Біріншіден, Қытай бәрін тұтынады, екіншіден, соңғы кезде тамақтану әдеттері де өзгерді. Сондықтан жылдам әрі қарқынды даму үшін бізге күнкөріс деңгейі біздікінен жоғары Қытай, Еуропа және Ресей

келесуге қауқары жетер емес. Яғни, қазір отандық сүт өнімдерінің өзіндік құны ЕЭО елдері тауарының жеткізу құнын қосқандағы бағасымен бірдей. Нәліктен деп сұрауыңыз мүмкін. Өйткені Ресейде субсидиялар сүт өнімдері секторына қарқынды дамуға мүмкіндік берді. Беларусьқа да солай. Сондықтан біздегі кейбір салаларға бөлінетін субсидияны алып тастаудың орнына, керісінше, ұлғайту қажет деп есептеймін. Осы жерде өзім білетін нақты мысалды айта кеткенім жөн шығар. Мысалы, Сингапурдан біздегі құркетауық етіне сұраныс болды. Сингапур — Азияның ең премиум нарығы. Онда сіз бәрін үлкен маржамен сата аласыз. Логистика жағы да еш қиындық тудырмайды. Бірақ құркетауық еті сингапурлықтарға бағанда жететінін есептегенде, Американдан әкелінген құркетауық еті арзанырақ болды. Мен сингапурлық трейдерлермен сөйлесіп отырып, неге екенін сұрадым. Сонда олар америкалық өнімнің өзіндік құны Қазақстанға қарағанда біршама төмен, дегенмен жеткізу қымбатқа түсетінін жеткізді. Бірақ оларға жеткізу құнын толығымен мемлекет субсидиялайды екен. Сондай-ақ Солтүстік Америка құркетауықтың табиғи мекен ететін ортасы екенін білеміз. Сондықтан жеткізу бағасын төмендету үшін осындай мәселелерді мұқият сарапалап, көрші нарықтарда бәсекеге қабылетті болатындай өнім өндіруіміз қажет.



көшті. Оңтүстікте су көп емес, ал соя суды жақсы көреді. Бәрі бірдей соя екенімен, ол жарытып өсе қоймайды. Кейбір аймақтарда соя екі өнім бере алады, ал бізде ондай өнімділік болған жоқ. Бірақ бұл — фермерлердің кінәсі емес, басты проблемасы. Неге десеңіз, мемлекет кезінде ешқандай білімі жоқ фермерлерге жерді үлестіріп берді. Біздің агрономдар мұндай қатал бәсекелестік нарыққа дайын емес еді. Нарықтық экономика дегеніміз — бұл мемлекет субсидия береді де, ал фермерлер қол қусырып қарап отырады деген сөз емес. Субсидияны шаруашылықтың кеметігін жақсарту үшін пайдаланады. Америкалықтар соя шаруашылығына әбден машықтанып алған. Олар бүкіл әлемдік нарықты соя мен құркетауыққа толтырып тастай алуы да мүмкін. Егер өз нарығынан артылып қалатын болса, олар

сонымен бітті. Бұл жерде бәрі химия, яғни ғылымға негізделген. Ал ауыл шаруашылығында көптеген аралық сала қажет болады: жем-шөп, витаминдер және тағы басқа. Әдетте адамдар фермер ештеңе істемесе де, мал өзімен-өзі жайылады, егін өзі өсіп жетіледі деген жаңсақ пікірде болады. Бірақ кез келген егіншілік немесе мал шаруашылығы қажырлы еңбекті қажет етеді.

Тек мұнай, газ қазып, сату — елдің ЖІӨ-ні 450 миллиард долларға жеткізбейді. Сондықтан бұл — ауқымды жұмысты қажет ететін меже. Сарапшының көпшілігі Қазақстан мұндай көрсеткішке жететініне күмәнмен қарайды. Дегенмен ел Үкіметіне осындай тапсырма берілсе, онда оған қол жеткізуге болады деп ойлаймын.

— Президент жақында «Экономиканы ырықтандыру шаралары жөніндегі»



# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҚАСИЕТІМ, ҚАСТЕРЛІМ

**Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас атрибуттарының бірі. Еліміздің тұңғыш рәміздері – Ту мен Елтаңба тәуелсіздігіміздің жариялануының дәл 130-шы күні, яғни 1992 жылдың 4 маусымында қабылданды. Ал елімізде «Мемлекеттік рәміздері туралы заң» 2007 жылы 4 маусымда қабылданған еді. Осы заңға сәйкес, жыл сайын 4 маусым – Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленіп келеді.**

Наурызбек САРША

Қазақстан да өз егемендігін жариялаған кезде оны ең алдымен тәуелсіз елдің саяси мәртебесін білдіретін Тәуелсіздік декларациясын қабылдау арқылы бекітті. Содан кейін күн тәртібінде Мемлекеттік рәміздерді қабылдау мәселесі тұрды. Алдымен 1992 жылдың басында Жоғарғы кеңестің төралқасы мемлекеттік символдарды дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірді. Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды. Оған қатысушылар алдына күрделі әрі жауапты міндеттер қойылды. Мемлекеттік рәміздер, әсіресе тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес келуге тиіс болды. Ал рәміздер жобаларын жасау конкурсында 600-ден астам адам қатысқан екен. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектері бар түскен өтінім 1 200-ді құраған. Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 сурет-төмегі және Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылыпты. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығатыны секілді тандаулылары тандалып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

## ЕЛІМІЗДЕ ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Кез келген ұлттың, мемлекеттің таңбасы болатыны ақиқат. Осы ретте мемлекеттің, рудын, мекеменің, әулеттің,

жеке тұлғаның және тағы да басқалардың ерекшелік таңбасы ретіндегі гербтерді зерттейтін тарих ғылымының бір саласын геральдика деп атайды. Бұл сөз танбатуы ілімі дегенді білдіреді. Ол – өнердің бір түрі, адамзат баласы жаратылғаннан бері бар дүние. Айталық, Ұлы даланың сәніне айналған жартастар таңбалары (петроглиф) мен жазбаларын (иероглиф) ежелгі далалықтар геральди-касының бастауы деуге болады. Ал еуропалықтар болса, әр кездері өмір сүрген жеке тұлға, әулет пен қауымдас-тыққа тән қабылданған айырым таңба-белгілерді «геральдика» деп атап жүр. Бұл ретте Мемлекеттік рәміздерді қолданудың құқықтық нормативтерін сақтау мақсатында ел Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы №195 қаулысымен Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттама бөліміне қарайтын «Геральдикалық зерттеулер орталығы» РММ құрылғанын атап өткеніміз жөн. Құрылғанына көп бола қойма-қалай «Геральдикалық зерттеулер орталығы» таңбатуы және Мемлекеттік рәміздер бойынша ағартушылық жұмыстарымен айналысады. Мекемеге ең әуелі қазақ геральдикасының арғы-бергі тарихын зерттеу, Мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді насихаттау және оларды қолданудың нормативтік-құқықтық жүйесін бақылау, ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалардың геральдикалық сипаттамасын жетілдіру, заңды және жеке тұлғалардың Мемлекеттік рәміздерге құқықтық актілер аясында құрметпен қарауын қамтамасыз ету міндеттері жүктелген. Осы ретте аталған мекеменің директоры Қалқаман Сариннен бүгінгі рәміздер күніне дайындық барысы жөнінде пікірін сұрадық.

«Орталықтың 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік өтініміне сәйкес, Мемлекеттік рәміздерге байланысты бірқатар іс-шаралар мен жобалар ұсынылды. Атап айтқанда, отансүйгіштік рухтағы балалар мен жасөспірімдерге арналған анимациялық мультфильмдер, қоғамға ой саларлық әлеуметтік роликтер, Мемлекеттік рәміздерді және олардың бейнелерін, сондай-ақ Мемлекеттік Гимннің мәтінін пайдалану қағидалары бойынша семинарлар және тағы басқа. Аталған жобалардың барлығы Мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға бағытталған. Еліміздің кейбір аймақтарындағы су тасқынына байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бюджеттік қаржыны қатан үнемдеу жөніндегі тапсырмасына сәйкес қазір көптеген қоғамдық-бұқаралық іс-шараны өткізуге уақытша шектеу қойылған. Алайда көптеген мекеме Мемлекеттік рәміздер күнін өздерінің жылдық жоспарларына сәйкес шағын форматта атап өтуде», – дейді орталық басшысы. Сонымен қатар рәміздерді қорлау, аяқ асты ету бойынша бақылау жұмыстарына қатысты сұрағымызға: «Орталық Жарғысына сәйкес Мемлекеттік рәміздерді қорлау әрекеттеріне бақылау жүргізу қызметі қарастырылмаған. Алайда оған қарамастан қызметкерлермен күнделікті әлеуметтік желілерге мониторинг жүріліп, анықталған заңбұзушылықтар және осыған байланысты жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары қарастырылып, тиісті мемлекеттік органдарға заңға сәйкес шараларды қабылдау үшін жолданады», – деп жауап қатты.

## РӘМІЗДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖҮЙЕЛІ ИДЕОЛОГИЯ КЕРЕК

Ал сарапшы Асылбек Баяжұма елімізде рәміздерге қатысты идеологиялық жұмыстардың көптеп жүргізіліні жөн деген пікірін айтады. Оның айтуынша, 4 маусым күні ғана мемлекеттік рәміздерді еске алып, көп жағдайда өңірлерде Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары формальды түрде, дөңгелек үстел, конференциялар және флэш-мобтармен ғана шектеледі. Мәселен, Ту



бейнеленген төсбелгіні депутаттардың ғана еншісіне беріп қойған. Бұл дұрыс шығар, дегенмен де мектеп оқушыларына да осындай Ту мен Елтаңба бейнеленген төсбелгілерді қолдануымызға не кедергі? Мұның арқасында бала санасында рәміздерге деген түсінік ертерек қалыптасып, құрметі де арта түсер еді. Елтаңбаны бүгін ешкім төсбелгі ретінде тақпайды. Мәселен, туыс Түркия елінде асханада да, көлік жөндейтін орталықтарда да Ту ілініп тұрады. Бұл елдікке, елдіктің нышаны болған рәміздерге деген үлкен құрметтің белгісі. Бізге де осындай идеология керек. Қазақстанның барлық өңірінде еліміздің Туы ілініп тұруы қажет. Қазіргі «Геральдикалық зерттеулер орталығы» Ұлттық рәмізтану орталығы деп өзгерте жаксы болар еді. Бұл туралы депутат Аманжол Әлтай ағамыз Мәжілісте мәселе көтерген болатын. Рәмізтану ғылымын журналистика саласында өшпес із қалдырған, ұлттық геральдиканы қалыптастыруға үлес қосып, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы бірнеше еңбек жазған Ербол Шәймерденов ағамыз негізін салып кеткен еді. Осы салада бірқатар жұмыс атқарулы жакет деп санаймын. Мысалы, мен былтыр Ресейге барған сапарымда Санкт-Петербург қаласындағы үш шақырымға созылған Невский даңғылында рәміздерге құрметтің керемет үлгісін байқадым. Сонда әрбір дүкенде, әрбір қонақүйдің, әрбір мекеменің мандайшасында Ресейдің туы ілініп тұрды. Арнайы барып сұрағанымыз олар қандай да бір бұйрықтың негізінде емес, өз қалауларымен қойғанын айтты. Міне, бізге де осындай идеология керек. Еліміздің барлық мекемесінде Туымыз

желбіреп, Елтаңбамыздың асқақ бейнесі тұрса, отаншылдық сезіміміз арта түсер еді», – дейді сарапшы.

Иә, көк байрағымыз көгімізде желбірегенде көңілді елжірейтіні ақиқат. Былтырғы жылғы ақпарат бойынша, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның мемлекеттік Туы халықаралық және әлемдік деңгейдегі мәдени іс-шараларда 4,6 мың рет көтерілген екен. 1994 жылы 1 шілдеде Талғат Мұсабаев тұңғыш рет қазақтың Туын ғарышка апарса, 2015 жылы ғарышкер Айдын Айтмбетовтің ғарышка сапары кезінде Қазақстанның Туы жерді 150 рет айналып ұшқан екен. Сонымен қатар Монблан шыңында (4 810 м), Памир тауының Ленин шыңында (7 134 м) және Эверест шыңында (8 800 м) еліміздің Туы желбіреп, Әнұранымыз шырқалды. Жуырда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Анар Борашеваны әлемдегі ең биік Эверест шыңын қазақ қыздарының арасынан бірінші болып бағындырумен құттықтаған еді. Әлемнің ең жоғарғы нүктесінде еліміздің көк байрағын желбіреткен ару қызымыз Мемлекет басшысына Эверест шыңына алып шыққан Қазақстан Туын сыйға тартты.

Иә, Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруға тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Ендеше Туымыз тұғыранан түспей, Елтаңбамыз елдігімізді танытып, Әнұранымыз шалықтай берсін деген тілек айтамыз.

## АЛҒАШҚЫ ҚОНЫСТОЙ ТОЙЛАНДЫ



**Батыс Қазақстан облысында үйлері суға кетіп, далада қалған елдің алды жаңа баспаналарына көше бастады. Үйі мен дүние-мүлкін су шайып кеткен ағайынның көкейінде енді қалай болар екен деген бір күдік пен бір үміт оты қатар жүргені жасырын емес. Алайда күдікті үміт жеңіп, қолдарына су жаңа пәтердің кілтін алған ағайын бөркін аспанға лақтырып қуанып, қоныстойын тойлап жатыр. Мұндай қуанышты жаңалық алғаш болып Бөрлі ауданында тойлануда.**

Биыл Бөрлі ауданында бірнеше ауылға су кірді. Жалпы, аудан бойынша 370 үйге су кіріп, оның ішінде 126 үй тұруға жарамсыз деп танылған болатын. Жергілікті билік үйлеріне су кетіп, тұруға жарамсыз деп танылған 66 отбасыға жаңа пәтер алып беруді көздеген еді. Сол жоспарға сәйкес, кешегі аптаның аяғында Бөрлі ауданында үйлері суға кеткен 50 отбасы баспаналы болды.

Суыр айында өңірге табан тіреген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі су тасқынынан зардап шеккендерге жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырған болатын. Үйлері суға кетіп, эвакуациялық пунктте тұрып жатқан халықпен кездескен Президенттің «Барлық көмек көрсетіледі, ешкім далада қалмайды» дегені ел есіне.

Міне, сол уәделі күн де келіп жетті. 50 отбасы баспаналы болды, қалған 16 отбасыға өте жақын күндері жаңа пәтерлер сатып алып берілетін болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Бөрлі ауданы бойынша 126 үй суға кеткен еді. Қазір ауданда 60 үйдің құрылысы жүріп жатыр.

Ләйлә Жұмағалиева көпбалалы ана. Көктемгі су тасқыны кезінде үйі суға кетіп, далада қалғандардың бірі. Үйі, дүние-мүлкі түгел жарамсыз болып қалған. Көпбалалы ана бүгінге дейін ағайындарын паналап келген. Енді жаңа пәтерге көшіп, бала-шағасымен мәре-сәре болып жатқан жәйі бар.

«Су өне келеді, міне келеді деп ескертіп жатты ғой. Қанша жиналып, дайын отырды десек те, үйімізге су кіріп келгенде абырап қалдық. Қанша дегенмен судың да мысы болады екен. Балалар үрпейіп, өзіміз де үрей мен күдіктің ортасында қалдық. Бас аяғы 15-20 минутта алып кетті ғой бәрін. Үйім Пугачев ауылында еді. Одан комиссия келіп, үйімізді тұруға жарамсыз деп таныды. Енді міне айналдырған аз уақыттың ішінде жаңа, төрт бөлмелі пәтерге көшіп отырмыз. Қуанышымда шек жоқ, қолдау білдірген баршаға рақмет айтықым келеді», – дейді көпбалалы ана Ләйла Жұмағалиева.

Бүгінге дейін су тасқынынан зардап шеккен аудан тұрғындарына 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі әлеуметтік төлемдер төленді. Бүгінде Бөрлі ауданы бойынша тұрмыстық заттар мен жиһаздардың шығынын өтеу үшін 168 отбасыға 63 млн теңге көлемінде қаржы төленген.

Бұл биылғы су тасқынынан кейінгі алғашқы қоныстой. Жалпы, облыста қазір 401 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Аймақ басшысы осы үйлерді қыркүйек айына дейін бітіріңдер деп тапсырма беріп отыр.

– Әр бала 1 қыркүйекте өз үйінен шығуға тиіс, – деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**  
Батыс Қазақстан облысы

## ӘУЕКОМПАНИЯДА ЖАҢА ТРЕНАЖЕРЛЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Әуекомпания апаттық-құтқару рәсімдері бойынша оқыту үшін эвакуациялау және өрт сөндіру бойынша жаңа тренажерлерді іске қосты. Air Astana Airbus 320 тобындағы Астанадағы Ұшуға даярлау орталығындағы ұшақтарға арналған салоннан апаттық эвакуациялау бойынша жаңа тренажер (СЕЕТ) және шынайы өрт сөндіру тренажері (RFFT) іске қосылды.**

Бұлар – Қазақстандағы бірегей тренажерлер, бортсеріктер мен ұшқыштарды даярлау кезіндегі түрлі практикалық апаттық жағдайларды құруға, ұшақ есіктерінің апаттық жағдайда ашылуын, жолаушыларды эвакуациялауды, әуе кемесінің разгерметизациясын, өртті шынайы сөндіруді және күшті, қатты түтін жағдайында әртүрлі авариялық жағдайларды модельдеуге қабілетті. Әуекомпания қазір жұмыс істеп тұрған және жаңа бортсеріктер мен ұшқыштар үшін апаттық-құтқару рәсімдері бойынша оқытуды бастады.

СЕЕТ және RFFT ұшу кабиналық экипаждың жаңа және қолда-



ныстағы құрамы үшін заңнамада талап етілетін міндетті нормативтік бастапқы даярлықты және қайта даярлауды қамти отырып, жыл бойы пайдаланылатын болады.

Компанияның оқыту академиясының заманауи тренажерлермен жарақтандыруға салған бұл инвестициясы компанияның бортсеріктер мен ұшқыштарды сапалы оқыту арқылы ұшу қауіпсіздігінің жоғары стандарттары мен тұрақты жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

«Ұшу қауіпсіздігі бойынша оқыту – біздің басты басымдығымыз. Жаңа тренажерлер тек инновациямен ғана емес, сондай-ақ әрбір клиенттеріміздің ұшу кезінде өздерін қауіпсіз сезінуі үшін ең жоғары стандарттар бойынша даярлауды қамтамасыз етеді. Осылайша, біздің клиенттеріміз әр рейсте өздерін қауіпсіз сезіне алады. Бұл жаңа тренажерлер авиакомпанияға экипаждың жұмыс уақытын үнемдеуге де мүмкіндік береді», – деді оқыту және клиенттік тәжірибе жөніндегі вице-президент Сандра Каллен.

Сонымен қатар бортсеріктер мен ұшқыштар күн сайынғы тапсырған тестілеуден бөлек, 12 ай сайын қайта даярлау уникурстарынан өтеді. Оған қоса, жыл сайын бір рет толық күн авиация-

лық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша курс оқиды.

«Әр категориялық білім алғаннан кейін тестілеу өткіземіз. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа байланысты қандай қорытынды шығарғанын, айтылған ақпаратты қай деңгейде қабылдағанын білу үшін күн соңында тестілеу болады. Оқуын енді бастаған бортсеріктерге ең бірінші қойылатын талап – теорияны меңгеру, одан кейін – практика. Практиканы Airbus 320 әуекемесінің нысанында өткіземіз. Оның бірнеше апаттық шығу люктері бар. Ол Airbus 320 әуекемесінің типіне де байланысты болады. Әр типтегі апаттық шығу есіктері әртүрлі әдіспен жасалады. Сондықтан практиканы класта бітірген соң, нысанға келіп шынайы дайындықтан өтеміз», – деді ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инструктор Айым Серікқызы.

Айым Абилованың айтуынша, бортсерік қызметіне жаңа келушілер үшін оқу кезеңінің ұзақтығы – бір жарым ай. Оның ішінде авиациялық қауіпсіздік, жүктерді тасымалдау, корпоративтік мәселелер көтеріледі.

**С. БЕГІМБАЕВА**



Бүгінде Жамбыл облысында жасөспірімдер қылмысы алаңдатып тұр. Былтыр көмелетке толмағандар жасалған қылмыс саны 26 болса, биыл нақты осы санаттағы заңбұзушылықтар 3,8 пайызға өскен. Жастар арасындағы теріс қылықтың басым бөлігі ұрып-соғу, бопсалау, ұрлық және өз-өзіне қол салу фактілері.

Жалпы, буыны қатпаған жас өскіндерді қылмысқа не итермелейді? Олардың мұндай жолға түсуіне не себеп? Жастар қылмысының алдын алу үшін не істемек керек? Санаға салмақ салған сауалға жауап іздеп көрсек...

Саятхан САТЫЛҒАН

### 107 ЖАСӨСПІРІМ МЕН 53 ҚОЛАЙСЫЗ ОТБАСЫ ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАН

Тараз қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі берген ақпаратқа сүйенсек, 2022-2023 жылдардың қорытындысында жалпы қылмыстардың саны 17,8 пайызға төмендеді. Алайда көрсеткіші еселеп өскендері де бар. Мәселен, бүгінгі қылмыс жасағандардың қайталау дерегі 3 пайызға артқан. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында учаскелік полиция инспекторлары 1 673 отбасын есепке алған.

Жасөспірімдер жасайтын қылмыстардың алдын алу мақсатында ювеналды полиция қызметкерлері наурыз айында 859 көмелетке толмағандарды полиция бөлімдеріне жеткізген. Нәтижесінде, 107 жасөспірім мен 53 қолайсыз отбасы есепке алынған. Тараз қаласы әкімдігі жанында құрылған көмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияда 38 іс қаралып, оның шешімі бойынша 20 әкесі-шешесі, ата-ана құқығынан айырылған. 3 жасөспірім арнайы мектептерге жіберілген.

Қалалық білім бөліміне 2008 жылы туған А. есімді жасөспірімнің бұған дейін өз-өзіне қол жұмсағаны туралы хабарланбағаны үшін №35 мектептің директоры қызметінен босатылса, менеджеріне қатаң сөгіс беріліп, мектеп психологі жұмыстан шығарылған. Дәл сондай 2006 жылы туған А. есімді оқушының жалға алынған пәтерде, масаң күйде 2 қабаттан құлап, өз-өзіне қол жұмсауы әкімдік жанындағы комиссияда қаралған. Сондай-ақ 2006 жылы туылған М. есімді жасөспірімнің суицид туралы хат жазып, үйден шығып кеткен дерегі бойынша 3 ұсыныс жолданған.

Жастар қылмысының алдын алу мен зерделеу бағытында Тараз қалалық қоғамдық кеңесі де айрықша рөл атқаруда. Кеңестің зерделеуімен былтыр адам өміріне қауіп төндіретін қылмыс түрлері бопсалаудың 8 есеге, ұрлықтың 6,6 есеге, қаржылық шабуылдың 50 пайызға және кісі тонау 7 пайызға өскені анықталған.

### ЗОРЛЫҚ КӨРГЕН БАЛА, ҚЫЗМЕТТЕН ҚУЫЛҒАН БАСШЫ

Тағы бір алаңдатып жағдай — оқушылардың ойнап жүріп от басы болып тұр. Мәселен, былтыр екі оқушы «10 миллион теңге алмасак қаладағы №51 мектепті жарып жібереміз» деп түнгі уақытта облыстық Білім басқармасы мен құзырлы органдарды аяғынан тік тұрғызған. Арнайы қызмет көзін аяғынан тік тұрғызған. Арнайы қызмет көзін аяғынан тік тұрғызған.

## СЫРДА СУ, КҮРІШТЕ КҮЙ ЖОҚ

Батыс өңірін топан су басып, елді мазасыз күйге түсірген биялғы көктемде Сыр күрішінің берекесі қашып тұр. Дала төсіндегі еңбек дүбіріннің нағыз қызған шағында тіршілік нәрінің тапшылығын сезінген диқан қауымы «Еселі еңбегінің өтеуі қайтпай ма?» деген қорқыныш құшағында отыр.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Ерте көктемнен кетпені мен соқасын сайлап, ала таңнан атыз жағалаған ауыл еңбеккерлерінің алтын күзде берекелі өнімге кенелуді көздейтін белгілі. Дейтұрғанмен соңғы жылдары қуаңшылықтың салдарынан егінжайдағы есеп түгел емес. Шаруашылықтар межелеген өнімін ала алмай, салы суға кетуден келеді. Ең қызығы, биялғы елді басқан топан судан Сырға бір тамшы да үлесі болмағаны көпшілікті қынжылтады.

Жалпы, Сырдария өзеніндегі су шаруашылығы жағдайына байланысты «Арал—Сырдария» бассейндік инспекциясы тарапынан биялғы науқанға арнайы су лимиті бекітілген. Нақты айтқанда, Қызылорда облысы бойынша егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға 3,7 млрд текше метр су қажет екен.

Соған орай аталмыш су лимитіне сәйкес, биялғы облыстың ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі 190,5 мың гектарға белгіленген. Соның ішінде күріш көлемі 81,2 мың гектарға межелеген. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 2,9 мың гектарға кемісе, оның ішінде күріштің көлемі 7,8 мың гектарға азайғанын көрсетеді.

«Жалпы, биял да аймақта ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемдерін әртарапталдыру жұмыстары жалғасын тапты. Бұл тұрғыда қысқартылған күріш



## ҚИЫН БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

ештене таппаған соң істің байыбын зерделеу барысында 8-сыныптың екі оқушысы сабақты болдырмау үшін осындай әрекетке барғанын анықтаған. Балаларының осы қылығы үшін олардың ата-анасы жауапқа тартылып, 17 миллион теңге айыппұл төлеуге міндеттелді.

Сол сияқты былтыр облыс аумағында терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар бергені үшін қылмыстық іс шеңберінде көмелет жасына толмаған 2 азаматқа қатысты тергеу әрекеттері жүргізілген.

Соңғы он жылда елімізде нашакорлар саны артып, оның ішінде жастар арасындағы есірткіге құмарлар қатары 14 есе өскен. Ал Жамбыл облысында былтыр 6 тоннаға жуық есірткі тәркіленген. Бұл тұрғыда жыл өткен сайын есірткі тұтынушыларының қатары «жасарып» келе жатқаны да дабыл қақтырады.

Жастар арасында зорлық фактілері де жаға ұстатып тұр. Алдыңғы айда Сарысу ауданындағы мектеп-интернатта жасөспірім зорланса, Байзақ пен Меркі ауданында әлімжеттік көрсету салдарынан екі бала көз жұмды. Бірінші дерек бойынша мектеп-интернаттың басшысы жұмысынан босатылса, Байзақ ауданындағы мектеп директоры да қызметінен алынды. Ал өзге күдіктілер мен жауапты азаматтарға қатысты шешім тергеу амалдарынан кейін шығарылақ.

### МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ ЖАСЫРУҒА ТЫРЫСАДЫ

Осы орайда «Жастар қылмысына не түрткі болып жатыр?» деген орынды сұрақ

туатыны анық. Сондай-ақ жасөспірімдер қылмысының алдын қалай аламыз?

Күні кеше Ішкі істер министрлігінде өткен қоғамдық кеңес отырысында Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Әсет Оспанов балалар арасында жағымсыз іс-әрекеттерді болдырмау үшін мемлекет пен қоғамның барлық қолда бар ресурстарын кешенді түрде жұмылдыру қажет екенін алға тартты.

— Көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықпен тиімді күресу үшін балаларды қорғау мекемелерін, медицина қызметкерлері мен үкіметтік емес ұйымдарды және басқа да профилактикалық субъектілерді тарта отырып, кешенді тәсілді қалыптастыру қажет. Жауапсыз ата-аналарға жаза күшейтіледі. Жыл басынан бері балалардың түнгі уақытта көшеде қараусыз жүргені үшін 28 мыңнан астам ата-ана жауапкершілікке тартылды. Ал бала тәрбиесіне қатысты өз міндеттерін орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған ата-аналардың саны 3 есе артты. Яғни, бұл тізім 7-ден 23-ке дейін өсті, — деді Ә.Оспанов.

Негізі, былтырдан бастап әр білім беру мекемесіне 6,6 мың ювеналды полиция қызметкері, учаскелік инспектор мен жедел уәкіл бөлінгені белгілі. Әйтсе де, осы жылы жасөспірімдер арасындағы бопсалау дерегі екі есеге артқан. Қазір мектептерде бұзақылыққа бейім бейресми 15 000 «көшбасшы» бар екені анықталып отыр.

«Бейресми» деп буркелемесек те, білім беру мекемелерінде құқыққа қайшы іс-әрекет істейтін жастар жайлы талай

жағдайға қаныққанбыз. Ал оған мектеп басшылары дер кезінде шара қабылдамайтындығы да жасырын емес. Тіпті, кейбір мектеп директорлары өз абыройына нұқсан келмеуі үшін заңбұзушылықтарды жасыруға жан салады.

Жамбыл облысы прокурорының орынбасары Нұрбек Ұласбекұлы да бұл ойымызбен келіседі. Ол тіпті аудандардан құрылған комиссиялар шарасыз күйде екенін ашып айтуда.

— Бұл күнде аумақтық комиссиялардың қызметі формалды сипатқа ие. Мысалы, комиссия жұмысы Т. Рыскулов, Сарысу мен Байзақ аудандарында еңбек өтілдері бір жылға да толмаған аудан әкімі аппаратының мамандарына қосымша жүктеме ретінде бекітілген. Аталған мән-жайлар осы аудандарда көмелетке толмағандармен жұмыс екінің кезекте екенін көрсетіп тұр. Сонымен қатар комиссиялардың шешімі өз деңгейінде орындалмайды. Комиссия төрағаларының тарапынан қандай да бір бақылау жоқ. Көмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекция қызметінің талдау нәтижелері комиссия жұмысының тиімділігі шамалы екенін көрсетті. Нәтижесінде, осы жылдан бастап жасөспірімдер

— Қылмысқа баратын жасөспірімдер — отбасының жағдайы нашар, тәрбие көрмеген, бақылаусыз кеткен балалар. Әр балаға әке-шешесі тиісті дәрежеде көңіл бөлсе, балалар тарапынан болатын қылмыстық істердің алдын алуға болады. Өйткені отбасындағы келенсіз жағдайлар балаға теріс әсерін тигізбей қоймайды. Әсіресе, маскүнемдікке салынып кеткен отбасының баласы қандай өмірге тап болатынын бағамдай беріңіз, — дейді педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, психолог Айсұлу Тасымова.

Ал ғалым, еңбек құқығы саласының сарапшысы Бибігүл Нұрашева бала тәрбиесіне көңіл бөлу үшін тәсілін ұсынып отыр.

— Әрбір ата-ана өз баласының өмірі, тағдыры үшін жауапты. Осы жағынан алғанда кемшіліктер жетерлік. Қазір отбасындағы ерлі-зайыптылардың екеуінің де жұмыстан қолы тимейді. 8 сағаттан да көп уақытын жұмыста өткізетіндері қаншама. Ал бала қараусыз қалса, оны қылмысқа итермелейтін себептер де табыла кетеді. Сондықтан елдегі еңбек шартына атап айтқанда, 8 сағаттық жұмысты 5 сағатқа дейін қысқартуды қарастыру қажет. Сонда ғана ата-ана баласына көп көңіл бөле алады, — дейді сарапшы.

Психология ғылымдарының докторы Балабек Сақтағановтың да ойы осыған саяды.

— Психологиялық тұрғыдан алғанда жасөспірімдердің қылмысқа баруына итермелейтін негізгі себеп — отбасылық қарым-қатынастың әлсіреуі. Сондай-ақ баласының қандай нәрсесмен айналысып жүргенін бақылай алмау, жасөспірімдердің кімдермен дос болып жүргенін білмеудің де соны ауыр жағдайларға апарып жатады. Жасөспірімдерге әлеуметтік өмір туралы ақпараттың жетпеуі, қоршаған ортасындағы жас ерекшеліктің де әсері бар. Көз келген нәрсеге сеніп қалу, еліктеу бала бойынан негативтік дүниелерді қалыптастырады. Ал ата-ана баласына қажетті зияткерлік және адамгершілік тәрбиені бере алмауының соны қылмысқа апарып жатады. Кейбір ата-ананың өзінің бойында ондай қасиет пен таным-түсінік болмауы мүмкін. Ондай жағдайда баламен тиімді мамандар жұмыс істеуі керек, — дейді психолог.

Жамбыл облысы

### МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Психологтер жасөспірімдер арасындағы қылмыс ата-ананың баласына тиісті деңгейде көңіл бөле алмауынан болатынын айтады.

### P.S

Міне, осылайша мамандар бала тәрбиесіне алаңдаулы болғанымен, оның нақты шешу жолын айта алмауда. Құқық саласының өкілдері ювеналдык полициялардың аздығы мен бала қауіпсіздігіне жауапты аумақтық комиссия жұмысының әлсіздігін айтса, психологтер ата-анаға баласымен көп уақытын өткізуге жағдай жасау қажетін алға тартады. Ол үшін еңбек құқығы саласының сарапшысы Бибігүл Нұрашева 8 сағаттық жұмыс күнін 5 сағатқа қысқартуды ұсынуға. Мұндай ұсыныс пен тың ұмтылыс қолдау таба ма, жоқ па белгісіз. Алайда заң жобасы қаралғанын өзіне, оның артын байыпшы бағамдау қажет. Өйткені ата-ана тұрмыстық таршылықтың салдарынан 5 сағаттық екі жұмысқа кіріп алып, баласына тиіпті көңіл бөле алмай кетуі де бек мүмкін. Сондықтан бұл — әлден зерделенетін дүние.

Ең бастысы, бала біздің болашағымыз екенін түсінген абзал. Әрбір ата-ана бауыр еті баласы үшін уақыт тауып, бір мезгіл тәрбиесімен айналыса ұтарымыз көп болады. Кезінде ата-балаларымыз бір «төйт» деумен-ақ талай теңекті тезге салған емес пе? Сондай-ақ мектеп басшылары «ауруын жасырғанды өлім өшкерліктейтін» түсіне екен дейміз. Бұдан бөлек, мектеп психологі мен ювеналдык полициялардың де бірлесу жұмыс істеу жүйесін қалыптастыруы қажет. Өйткені бала тәрбиесі деген, ал да соқ нәрсе емес. Мұнда нәзіктікпен қатар, психологиялық дұрыс қадам керек. Сонда ғана біз жас өскіннің жанын түсініп, дер кезінде көмек қолын соза аламыз.

## МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТАПСЫРЫЛМАҚ...

«Алматы-Байсерке-Талғар» магистралдық газ құбырының екінші тармағын салу жөніндегі ауқымды жоба аяқталып келеді.



Бұл жоба Мемлекет басшысының Алматы жылу-электр орталықтарын газға көшіру туралы тапсырмасын орындау аясында басым бағыт ретінде іске асырылуда.

Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың қазан айында басталған болатын, енді нысанды мерзімінен бірнеше ай бұрын пайдалануға беру жоспарлануда.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Алматы филиалының директоры Руслан Сүйіндіков атап өткендей, жана газ құбырының ұзындығы 62,4 шақырым, диаметрі - 530 мм, өткізу қабілеті - 1 000 000 м3/сағат. Бүгін де жобалық 62,4 шақырымның 52,5 шақырым құбыры дәнекерленген. Қазірдің өзінде шүмекті кран тораптары мен іске қосу қондырғыларын құрастыру, сондай-ақ тазалау құрылғыларын қабылдау жұмыстары басталып кетті. Шарт бойынша нысанды желтоқсан айында тапсыру керек болса, жобаға жауаптылар оны қыркүйек айында аяқтағалы отыр.

Бір атай кетерлігі QazaqGaz-дың еншілес кәсіпорны - «Интергаз Орталық

Азия» АҚ Алматы энергетикалық кешеніне газ инфрақұрылымын дайындаудың бірінші кезеңін 2023 жылдың қарашасында аяқтаған болатын, оған сәйкес өнімділігі тиісінше 250 және 150 мың м3/сағат болатын екі автоматты газ тарату станциялары іске қосылды. Сондай-ақ «Алматы-Байсерке-Талғар» және «Қазақстан-Қытай» магистралдық газ құбырлары арасындағы қуаттылығы 1000 мың м3/сағат болатын ТПР-04 жалғастырғыштың құрылысы аяқталды.

Бұл жобаны жүзеге асыру жылу-электр орталығының Алматы қаласының экологиялық жағдайына тигізетін кері әсерін азайтуға септік етпек. Сонымен қатар жана магистралдық құбыр Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларын газбен тұрақты қамтамасыз етеді.

Тағы бір айта кетерлігі, Алматы жылу-электр орталықтарының жаңғырту жобасын «Самурық-Энерго» АҚ жүзеге асыруда. QazaqGaz өз кезегінде газ инфрақұрылымын салумен айналысады.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Қызылорда облысы





**Дулат АЙТУҒАН,**  
режиссер:

**Қазір оқимын деген жастарға мүмкіндіктер есігі айқара ашық. Әсіресе, білімін, тәжірибесін шетелде шыңдап келген білікті мамандар қатары көп. Не десек те, бұл күндері шетелдік орта мен жоғары оқу орындарында оқып жүрген қаракөздер көз қуантады. Дулат Айтұған – мұхит асып, режиссура саласындағы талабын шетелдік тәжірибемен ұштастырып жүрген жастың бірі. Болашақта елге оралып, киноиндустрия саласына жаңалық енгізуді жоспарлап отырған жас режиссермен әңгімелескен едік.**

## ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ОТАНЫМДА пайдаланалымын

– Дулат, режиссураға қызығушылығың қашан, қалай басталғанын айтып беріңізші.

– Кішкентайымнан түрлі жанрдағы кино көріп өстім, қызығушылығым да сол кезден басталды десем болады. Әкем – фотоға, видеоға түсіргенді жақсы көретін кісі. Отбасымның әр мүшесі өнерге жақын. Әртүрлі мерекеде немесе үйге қонақтар жылғанда әкем камерасын алып, естелік үшін суретке түсіретін. Апта сайын әкем бәрімізді жинап, фильм көрсететін, бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Бір күнде 2-3 фильмді бірге тамашаладық. Соның ішінде әлемге әйгілі өте мықты фильмдерді көрсететін. Кейде отбасыммен кинотеатрға баратынбыз, әр фильмді көргеннен кейін алған әсерімізбен бөлісіп, түйгенімізді айтып бердік. Мектепте оқып жүргенде де өтіп жатқан іс-шараларды видеоға түсіріп жүрдім, кейде көшелдегі бейтаныс адамды суретке түсіріп алып, өзіне көрсеткенде таңалып рақметін айтатын еді. Сол уақыттарда әлемге әйгілі режиссер болу туралы алғашқы ой жиі келіп жүрді.

Тағы бірайтарым, «Астана» құрамасында 11 жыл кәсіби хоккеймен айналыстым. Қазақстан чемпионатында бірнеше рет жеңімпаз болдым. Сөйтіп, колледжді бітірген соң, алты ай мерзімге ағылшын тілін үйрену үшін Варшава қаласындағы Вистула университетіне түстім. Оқуды бітіріп, Варшавада «Режиссер ассистенті» мамандығын жалғастырдым. Бірде әлеуметтік желіде «Дара» қоры тамызда Қазақстандағы ең ауқымды фестиваль жариялады, басты жүлде – әлемде ең мықты кино мектептің бірі саналатын New York Film Academy-ға жолдама. Бұл хабарландыруды Нұрлан Қоянбаевтың әлеуметтік желідегі парақшасынан көрдім. Бала күнгі арманымның алдымнан мүмкіндік болып шыққанын жіберіп алғым келмей, бақ сынап көрдім. Ол нәтижесіз болған жоқ.

– Киноиндустриясы дамыған АҚШ-қа оқуға түскен кезіңіздегі жаңалықты қалай қабылдадыңыз? Грантты жеңіп алу үшін қандай тәуекелдерге бардыңыз?

– Польшада жүргенде мықты кәсіби мамандардың ортасында жұмыс істедім. Жұмысымды телефоннан кәсіби кинокамераларға ауыстырдым. Польшаның танымал жұлдыздарымен, актерлерімен бірге жұмыс істедім. Бейнебаян, жарнама роликтері, қысқаметражды, деректі фильм түсірдік. «Дара» қоры ұйымдастырған фестивальдің бірінші кезеңінде топ-100 қатарына кірдім. 7 маусымда фестивальге арналған видео түсіріп, 19 шілдеде 8 мыңға жуық қатысушының ішінен топ-20 үздіктер қатарынан табылып, жеңімпаз болдым. Фестивальдің басты талабы – видеоны телефон арқылы түсіріп, монтаждау. Фестивальден өткен соң ұйымдастырушылар хабарласып, Қазақстанға келудімі ескертті. Келген соң виза жасауға мүмкіндік болмай қалғаны тағы бар. Ол кезде Қазақстанда жүріп жарнама роликтері мен шорт-фильм түсіріп үлгердім. Сөйтіп, қыркүйекте баруым керек болған оқуға қантарда барып, Лос-Анджелестегі New York Film Academy-да қарқынды курспен режиссер мамандығын оқып шықтым.

Айтпақшы, сол кезде фестивальге қатысып, грант жеңіп алған қазақстандық 19 жас режиссер болса, ішіндегі жалғыз мен ғана мемлекеттен тыс қатысыппын. Оқу курсы аяқталған соң, білімгерлердің барлығы Қазақстанға қайтты. Ал менің Америкада уақытша қалуыма тура келді. Өйт-

кені Польшада бірге жұмыс істеген продакшндар АҚШ-қа келген бойда керемет келісімшарт ұсынды. Бұл сәтті мүмкіндік ретінде қабылдадым да, тағы да тәжірибемді шыңдау керек деген ойда уақытша қалуды жоспарладым.

Бұған дейінгі ең үлкен жобам – Варшавада түсірілген алғашқы клипім және әлемге әйгілі фильмдер түсірілген АҚШ-тағы universal studios pavilion-дағы жұмысымыз. Мұны да бір мүмкіндік деп қабылдаған дұрыс шығар.

– Байқасақ, оқуға түспей тұрып-ақ бірнеше елдің тәжірибелерін көріпсіз. Осы режиссурадағы тәжірибеңізге сүйене отырып, Қазақстан мен шетелдік режиссура саласын қалай бағалар едіңіз?

– Тәжірибем аз болса да мынаны айтқым келеді: Еуропада фильммейкинг

– Қай режиссерлерді үлгі тұтасыз?

– Мен үлгі тұтатын заманауи режиссерлерім – атакты Квентин Тарантинто, Кристофер Нолан, Дэвид Финчер, Роберт Родригес, Ридли Скотт, Стивен Спилберг, Винс Гиллиган, Мартин Скорсезе. Болашақта осы режиссерлер түсіргендей фильм жарыққа шығаруды мақсат қойып отырмын. Ал отандық режиссерлерден Тимур Бекмамбетов – өзі қазақ, атын бүкіл киноиндустрия әлемі таниды десем артық емес шығар. Өзім сияқты жас режиссерлердің арасында Ернұр Башпай, Айтөре Жолдасқали, Медет Шаяхметов, Айсұлтан Сейт-өвтердің жұмысына қарап, өзімді түзеймін. Олардың да есімдері көпшіліктің құлағына жеткен. Медет Шаяхметовті Қазақстанда көп айта бермейді екен, өте талантты режиссер, ол әлемдегі ең мықты музыкантқа, Канье Уестке бейнебаян түсірген. Одан бөлек, америкалық қаншама жұлдыз жанған адамдардың бейнебаяны – Медет Шаяхметовтің туындысы. Айтпақшы, режиссер Кана Бейсекеев деген 2015-2016 жылдары Америкадағы қазақтар туралы видео түсіріп, YouTube арнасына жүктеген болатын. Сол жұмысқа қатты қызыққаным бар. Еуропада жүргенде осындағы қазақтар туралы неге түсірмеске деп ойлап, содан Францияға, Нидерландыға барып қазақ отбасының өмірін түсірдім.

– АҚШ-та алған біліміңізді Қазақстанға келіп қолдану ойыңыз бар ма?

– Әрине. АҚШ-та біраз тәжірибе жиған соң, Қазақстанда фильм түсіру бұрыннан жоспарымда бар. Менің өзіме қойған басты талабым – қаралым санына мән бермеу, фильм тек көрерменнің көңілінен шықса болғаны. Сондай-ақ ол киноны тек Қазақстан ғана емес, әлем тануы керек. Менің «Ай бала» деп аталатын авторлық өз жобам бар, ол әлі де дайындық үстінде. Мен үлкен команда құрғым келеді. VFX (визуалды эффектілер) өртістерінің тобын қалыптастырып, болашақта жақсы нәтиже көрсетсе, ірі компаниялармен тікелей жұмыс істейтін толыққанды продакшн компаниясын құруды жоспарлап отырмын. Бұл арқылы өріптестеріме жобалар табуға, әрі қарай өсуге, жақсы табыс табуға, тағы сол сияқты қамдарына көмектескім келеді. Ақырғы шында қазақша мультимедиялық студия – Lyrical Limonade жасау да жоспарымда бар.

Қазір АҚШ-тағы керемет продюсерлік компаниямен, талантты өртістермен жұмыс істеуді жоспарлап отырмын. Америкалықтар – мейірімді халық, олар қызығушылығы жанып тұрған адамды көрсе, көп мүмкіндік береді. Солардың тарапынан беріліп отырған мүмкіндікті дұрысынан пайдаланып, келешекте қазақ жерінде қазақ актерлерімен жанры мүлдем ерек фильмдер түсірсемен деген ниетім бар. Шетелдік тәжірибелерді алатын жастар өте көп. Мен Польшада болғанда украиндар, беларустар, поляктар, тағы басқа мемлекет азаматтары қазақ жастары түсірген бейнебаяндарды, фильмдерді көріп өбден мақтаған. «Қазақтар үнемі «хит» түсіреді» деп те айтатын.

– Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



## ӘЛЕМДІК БАЙҚАУДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

**Қазақстандық скрипкашы Руслан Талас Брюссельде өткен Елизавета патшайымы атындағы академиялық музыканттар конкурсының финалында өнер көрсетті. Бұл – әлемдегі ең беделді музыкалық байқаулардың бірі.**

Музыкалық сайыс Бельгия патшайымы Елизаветаның бас-тамасымен 1937 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Биыл байқаудың бірінші турында 63 скрипкашы өзара бәсекеге түсіп, үздік 12 музыкант атық сынға жолдама алды. Соның бірі – Руслан Талас. Жерлесіміз Моцарт, Брамс, Исаи мен француз композиторы Эскештің шығармаларын құйқылжыта орындады. Қазылар алқасының мүшелері мен көрермендер қазақстандық музыканттың талантына тәнті болды. Отандасымыз Мәскеу консерваториясын тәмамдап, қазір Швейцарияның Лозанна

қаласындағы Жоғарғы музыка мектебінде тәлім алып жатыр.

– Бұл байқаудан ұмытылмас әсер алдым. Мынадай залда, байқаудың финалында, Матильда патшайымның алдында өнер көрсету – мен үшін үлкен құрмет. Осы конкурсқа қатысуды бала кезімнен армандап едім. Бұл мен үшін керемет, ұмытылмас тәжірибе болды, – деді скрипкашы Руслан Талас.

Жерлесіміздің бірегей талант екенін бельгиялық БАК жарыса жазып жатыр. Бүгін Руслан Талас пен байқаудың финалына қатысқан тағы 11 музыкантты Бельгия патшайымы Матильда қабылдайды.

## ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙТЫН АЛАҢ

**Астанада ерекше балаларға арналған «Жұлдызай» шығармашылық фестивалі өтті. 19 жыл ішінде бұл шараның ауқымы кеңейіп, ерекше қажеттіліктері бар жас таланттардың өнерін шыңдайтын республикалық деңгейдегі бірден бір алаңға айналды.**



Іріктеу турларына өңірлік жалпы білім беретін мектептер мен оқу мектеп-интернаттардан, сондай-ақ түзету кабинеттерінен арнайы даярлығы бар 10 мыңнан астам оқушы қатысты. Ақтық турға 600 бала қатысты, олардың 250-і вокал, хореография, аспаптық және ым-шаратпен орындалу номинациялары бойынша лауреаттар атанды. Атап айтқанда, осы жеңімпаздар Астананың үлкен сахнасындағы керемет гала-концертте өнер көрсетті.

«Биыл біздің қордың құрылғанына 20 жыл болды, соның ішінде 19 жыл бойы мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау және олардың қоғамдық өмірге белсенді бейімдеуі үшін жағдай жасау мақсатында аталған шығармашылық фестивалді өткізіп келеміз. Осы уақыт ішінде

фестиваль ерекше балалар үшін нағыз мерекеге айналды. Мұнда балалар бойындағы таланттары мен айрықша қабілеттерін шыңдап, өздерін ортада еркін сезініп, құрдастарымен танысады және қазақстандық эстрада өртістерімен бір сахнада нағыз жұлдыздар секілді өнер көрсетеді», – деді «VI-Жұлдызай» қорының директоры Гүлхан Исабаева.

Концертке Қазақстанның эстрада жұлдыздары Жұбаншын Жексен, Балжан Бидах, Рукия Байдуқенова, Расул Жармағамбетов, Назым Сағынтай және Қайрат Мырзаханов қатысты. Сондай-ақ фестиваль аясында қатысушылар үшін елордадағы түрлі экскурсиялар ұйымдастырылып, шоу-бағдарламалар мен би кеші өткізілді.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талағат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:**  
Абду АЛЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАЛАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баши ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Косіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БОЛМА:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМА:**  
8(717) 804-61-32  
pedpika.a@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырқыс №4455  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сыртты көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,